ЖШС «Наурызбай» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:__________

ЖШС «Наурызбай» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: Б.Н. Елжанов

# Вариативті компонент
# Тақырыбы: «Ертегі елінде!»
# Ортаңғы «Айару» тобы
# 2021-2022 ж

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Көрнекілік-құралдар | Саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Бауырсақ» ертегісі | Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. | Фланелеграф, конус театры, қуыршақ театры, орамал, тақия, кейіпкерлердің атрибуттары | 1 |
| 2 | «Бұл бауырсақ - кішкентай қу аң» | Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықта-рын арттыру. | | 1 |
| 3 | «Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін...» | Тілдерін жаттықтыру. | | 1 |
| 4 | «Бауырсақ» ертегісі нің қойылымы | Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру. | | 1 |
| 5 | «Шалқан» ертегісі | Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. | Фланелеграф, саусақ қуыршақ театры, үстел үстіндегі театр, кейіпкерлердің атрибуттары | 1 |
| 6 | «Ата мен әжемде қонақта болғанда» | Шалқанды отырғызу кезінде айтылатын өлең шумағы арқылы ба лалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту. | | 1 |
| 7 | «Осындай үлкен шалқан...» | Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету. | | 1 |
| 8 | «Шалқан» ертегісін сахналау | Кейіпкерлердің рөлін атқара білуг е дағдыландыру. | | 1 |
| 9 | «Үш аю» ертегісі | Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдер ін дамыту. | Сюжетті суреттер, қуыршақ театры, тақия, кейіпкерлердің атрибуттары | 1 |
| 10 | «Қане досым, сөзге қосыл» | Ойын арқылы кейіпкерлердіңрөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру. | | 1 |
| 11 | «Үшаюда қонақта» | Тілдерін жаттықтыру. | | 1 |
| 12 | «Үш аю» | Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру, ертегіні сахналау. | | 1 |
| 13 | «Үйшік» ертегісі | Ертегіні еске түсіру арқылы бала-лардың тілдерін дамыту. | Фланелеграф, қуыршақ | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 14 | «Үйшік» ертегісі | Балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту. | театры, кейіпкерлердің атрибуттары | 1 |
| 15 | «Қәне досым, сөзге қосыл» | Белсенді балаларды кейіпкер-лердіңрөлдерін эмоция арқылы көрсете білугеүйрету. | | 1 |
| 16 | «Көз көруге тоймайды,құлақ есту ге жалықпайды» | Кейіпкерлердің рөлін атқара білуг е дағдыландыру,ертегіні сахналау. | | 1 |
| 17 | «Түлкі мен қояндар» ертегісі | Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру. | Конус театры, қуыршақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары. | 1 |
| 18 | «Түлкі, түлкі, түлкішек» | Қимылды ойындар арқылы кейіпкерлердің рөлін айтып, белсенді балаларды таңдай отырып, қызығушылығын арттыру. | | 1 |
| 19 | «Қу түлкі мен қорқақ қояндар» | Ертегідегі қоян мен түлкінің сөздерін балаларға үйрету. Түлкі мен қояндар арасындағы диалог. | | 1 |
| 20 | «Түлкі мен қояндар» | Балалардың рөлді дұрыс ойнай білуін және сөздердегі әр дыбыстарды анық айтуларын қадағалау.Ертегіні сахналау. | | 1 |
| 21 | «Қоянның үйшігі» ертегісі | Ертегі мазмұнымен таныстырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. | Фланелеграф, қуыршақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары | 1 |
| 22 | «Оқы да біл, ойна да күл» | Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету. | | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 23 | «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті да у алмайды» | Кейікерлердің сөздерін дұрыс айтуларын қадағалау және рөлдерін ретімен орындауға үйрету. | Ертегі суреттері, кейіпкерлердің атрибуттары | 1 |
| 24 | «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды» | Ертегінің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс – әрекетіне қарап, әсерлі көңіл- күйін білдіре отырып сезіне білуге үйрету. Ертегіні сахналау. | | 1 |
| 25 | «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі. | Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып тілдік қорларын байыту. | Фланелеграф, қуыршақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары | |
| 26 | «Лақтарым менің, лақтарым менің... » | Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету. | | 1 |
| 27 | «Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сүт әкелді» | Ертегіге деген қызылушылықтарын арттыру. | | 1 |
| 28 | «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі | Әр баланың өз рөлін дұрыс орындауын қадағалау.Ертегіні сахналау. | | 1 |
| 29 | «Алтын айдарлы әтеш» ертегісі | Ертегінің  мазмұнымен таныстыру. | Фланелеграф, кейіпкерлердің атрибуттары | 1 |
| 30 | «Жібек сақалы бар, майға батырып алған басы бар» | Кейіпкерлердің рөлдерін бере отырып, балаларға сөздері мен қимыл – қозғалыстарын үйрету. | | 1 |
| 31 | «Сымбатты әтеш» | Балаларды ертегіні диалог бойынша орындауға үйрету. | | 1 |
| 32 | «Алтын айдарлы әтеш» ертегісі | Ертегідегі кейіпкерлердің рөлін дұрыс орындауларын қадағалау, сахналау. | | 1 |
| 33-34 | «Ертегі әлеміне саяхат» | Өткен ертегілерді еске түсіріп, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін тиянақтау. | Ертегі суреттері, кейіпкерлердің атрибуттары | 1 |
| 35 | «Ертегі елі жермен келе, жатыр!» | Ертегі кейіпкерлерінің жағымды – жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету. | | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 36 | «Ертегі еліне саяхат» | | | |

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы:«Бауырсақ».**
**Мақсаты:**Балаларды ертегі мазмұнын түсініп оны әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту. Көңіл -күйлерін терең түсініп, аяушылық сезімге қамқоршы болуға тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** ұн, қамыр,илеу.
**Қостілдік компоненті:**ұн - мука, қамыр- тесто, илеу- замесить.
**Әдіс- тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, сурет арқылы әңгіме ойын, сұрақ-жауап, қортындылау.
**Көрнекіліктер:** фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | -Балалар, сендер ертегілерді көп білесіндер ме?<br>-Ертегілерді жақсы көресіңдер ме?<br>-Балалар ертегілерді естеріңе түсіріңдерші, олар қалай басталушы еді?<br>- Олай болса мен сендерге бүгін бір тамаша ертегіні айтып беремін, сендер мұқият тыңдандар. | - Әрине.<br>- Иә.<br>- Ерте, ерте, ертеде ... |
| Іздену-ұйымдастырушы | Тәрбиеші: - Бүгінгі сендермен танысатынымыз "Бауырсақ" ертегісі.<br>- "Бауырсақ" ертегісінде қандай кейіпкерлер бар?<br>- Ертегі не жайында екен?<br>- Бауырсақты кім пісіреді?<br>- Бауырсақ қандай әрекет жасады?<br>- Оның бұл ісі дұрыс па?<br>- Ол жолда кімдерге кез болады?<br>- Түлкі бауырсақты қалай жеп қояды?<br>- Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіңдер?<br>Сөздік жұмыс.<br>**Дидактикалық ойын**<br>Ойынның шарты: үстел үстіндегі суреттер бойынша ертегідегі кейіпкерлерді құрастырады. | Тәрбиешінің айтқанын тыңдай отырады.<br>Балалар жауабы: - бауырсақ, ата, әже, қоян, аю, қасқыр, түлкі.<br>Балалардың жауабы: Ата-әжесінен қашып кетті.<br>Сөздердің мәнін түсініп естерінде сақтайды.<br>Әр түрлі пішіндерден ертегі кейіпкерлерін құрастырады. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Қорытынды.<br>- Ертегіге қандай кейіпкерлер қатысты?<br>- Балалар, сендер де осы бауырсақтың ісін қайталамау үшін қандай болуларың керек?<br>Жақсы жауап берген балаларды мадақтау. | Балалар сұрақтарға жауаптар береді.<br>Балалардың жауабы: Ақылды болуымыз керек. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.
**Түсінеді:**Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.
**Қолданады:**Сөздерді анық айтады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Бұл бауырсақ-кішкентай қу аң».**
**Мақсаты:** Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерді таңдау, рөлдерге бөлу. Фланелеграф арқылы –қызығушылықтарын, қиялдарын,эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндау мен тіл байлықтарын дамыту. Мейірімді, тату –тәтті,
дос болуға үйрету.
**Сөздік жұмыс:** аңқау, қорқақ, қу, ашулы.
**Қостілдік компоненті:**аңқау - рассеянный, қорқақ - трусливый, қу - хитрый.
**Әдіс- тәсілдер:** әңгімелеу, суреттерді жапсыру арқылы қызықтыру,кейіпкерлерді талдау, сұрақ - жауап.
**Көрнекіліктер**: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | - Балалар, «Бауырсақ ертегісі естеріңде ме?<br>- Кәне естеріңе түсіріңдерші. | - Ия, білеміз. |
| Іздену-ұйымдастырушы | 1) Кейіпкерлерді атап шығады.<br>-Бұл кейіпкерлердің мінезі қандай?<br>- Қоян?<br>- Ал түлкі қандай?<br>- Аю?<br>- Қасқыр?<br>- Бауырсақ?<br>3) Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларын түйіп айтқызу.<br>4) Баланың түсінгеніне қарай, жақсы қатысқанына қарай кейіпкерлерді таңдап, рольдерін беру. Қандай мінез қылықта болатындарын айту. | Бауырсақ, қоян, түлкі, аю, әже, ата.<br>- мейірімді, қорқақ, аңқау - қу, жаман<br>- салмақты<br>- ашулы<br>- көңілді.<br><br>Ертегіні көре отырып ертегі мазмұнына сәйкес жауап береді, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін талқылайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | - Бұл ертегіде кім сендерге ұнады?<br>- Неге ертегі көңілсіз аяқталады? | Үй тапсырма: Балалар, үйге келгенде аналырыңа айтып беріңдер. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.
**Түсінеді:**Таныс ертегінің соңын басқаша құрастырады.
**Қолданады:**Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін ...»**
**Мақсаты:**Ертегіні зейін қойып тыңдай білуге, әртістік қабілетін дамыту.

Ертегінің желісі бойынша сұрақтарға жауап бере білуге,қысқаша мазмұндауға үйрету.Олардың дауысын салып қызыға ойнау дағдыларын қалыптастыру.Бір-бірлерін сыйлауға,көмектесуге,адамгершілік қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** аңқау, қорқақ, қу, ашулы.

**Қостілдік компоненті:**ертегі – сказка.

**Әдіс-тәсілдер:** өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру, сұрақ-жауап.

**Көрнекіліктер**: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Шаттық шеңбері.<br>- Балалар ертегілер еліне енеміз.<br>- Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіңдер? | Тәрбиешінің айтқандарын тыңдай отырып, таныс ертегілердің кейіпкерлерін атайды. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Тәрбиеші:<br>- Бүгінгі сендермен танысатынымыз “Бауырсақ” ертегісі. Ертегіні оқып отырып, балаларға түсіндіру.<br>- Балалар, осы “Бауырсақ” ертегісінде қандай кейіпкерлер бар?<br>-Ертегі не жайында екен?<br>-Бауырсақты кім пісіреді?<br>-Бауырсақ қандай әрекет жасады?<br>-Оның бұл ісі дұрыс па?<br>-Ол жолда кімдерге кез болады?<br>-Түлкі бауырсақты қалай жеп қояды?<br>-Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіңдер?<br>Сергіту сәті:<br><u>Дидактикалық ойын</u><br>Ойынның шарты: үстел үстіндегі суреттер бойынша осы ертегідегі кейіпкерлерді құрастыру. | Ертегіні тыңдай отырып ертегі мазмұнына сәйкес жауап береді, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін талқылайды.<br>Балалар жауабы: бауырсақ, ата, әже, қоян, аю, қасқыр, түлкі.<br>Балалардың жауабы: Ата-әжесінен қашып кетті.<br><br>Жаңа сөздердің мәнін түсініп естерінде сақтайды.<br>Әуенмен бауырсақты айналып билеу. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Қорытынды. Балаларды мадақтау.<br>-Балалар, сендер де осы бауырсақтың ісін қайталамау үшін қандай болуларың керек? | Балалардың жауабы:<br>- Ақылды болуымыз керек. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Ұғынады:**Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.

**Түсінеді:**Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды.

**Қолданады:**Өз ойларын жеткізе алады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісінің қойылымы.**

**Мақсаты:**Ертегі, әлеміне қызығушылығын қалыптастыру.Ертегі сахналау барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсетебілуге тәрбиелеу.

**Қостілдік компонент:** бауырсақ - колобок.
**Әдіс- тәсілдер:** өткенді қайталау, тамашалау, сұрақ – жауап.
**Көрнекіліктер:** ширма, кейіпкерлер атрибуттары.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Тәрбиеші: - Балалар қане есімізге түсіріп көрейікші, ертегілердің басы қалай басталады?<br>- Ал балалар ертегі әлеміне саяхат жасайық.<br>- Ертегілер әлеміне бару үшін қандай көлікпен барайық?<br>(пойыздың дауысы естіледі) | Балалар:<br>- «Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөрте де...»,<br>- «Баяғы өткен заманда шал мен кемпір тұрыпты»,<br>- Пойызбен барайықшы, тез жетеміз. |
| Іздену-ұйымдастырушы | - Біз ертегі әлеміне келдік, қане жайғасып отырайық.<br>- Бүгін қандай ертегіні тамашалайтындарыңды білу үшін сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.<br>1. Өзі қу, жүрген жері айқай – шу.<br>2. Далада жүр шапқылап,<br>Керемет тым саққұлақ,<br>Тек есектен басқа да,<br>Оған ұқсар жоқ құлақ.<br>3. Ит сияқты пішіні,<br>Ұнатпайды ол кісіні.<br>4. Қыс бойына жатады,<br>Тәтті ұйқыға батады.<br>5. Өзі қып-қызыл болып піседі<br>Күнге ұқсас келеді.<br>- Сонымен балалар, бұл кейіпкерлер қай ертегіде кездеседі екен?<br>Тәрбиеші балаларға «Бауырсақ»ертегісін еске түсіруін ұсынады. Тәрбиеші «Бауырсақ» ертегісін қуыршақ театр арқылы қоюын ұсынады. | - түлкі<br>- қоян<br>- қасқыр<br>- аю<br>- бауырсақ<br>- «Бауырсақ» ертегісінде.<br>Балалар мазмұнын айтып береді.<br>Балалар қуыршақтарын алып ертегіні сахналайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | - Ертегі қалай аяқталады?<br>Балаларды мадақтау, бағалау | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.
**Түсінеді:**Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.
**Қолданады:**Сөздерді анық айтып, есте сақтау қабілеттерін дамиды.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы «Шалқан».**
**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлері арқылы мазмұнымен таныстыру. Сұрақ-жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Көңіл-күйлерін терең түсінуге аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс**: Шалқан, көкөніс, үлкен.
**Қостілдік компонент:**Шалқан - репка.
**Әдіс-тәсілдер:** қызықтыру, әңгімелеу, таныстыру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.
**Көрнекіліктер:** фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, қуыршақ Әже.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Қонаққа қуыршақ Әже келеді. Балалармен амандасады. Әже сіздің келгеңігізге өте қуаныштымыз.<br>Әже: -Балалар сендер ертегілерді көп білесіндер ме?<br>- Ертегілер қалай басталушы еді? | - Әрине.<br><br>- «Ерте ерте ерте екен, ешкі жүні бөрте екен» деп басталады.<br>Білгендерін айтады. |
| Іздену-ұйымдастырушы | 1) Ертегінін атын атау «Шалқан», кейіпкерлерді атап таныстыру - ата, әже, немересі, ит, мысық, тышқан.<br>2) Ертегіні мазмұндау. Фланелеграфқа суреттерді жабыстыра отырып түсіндіру.<br>-Ерте, ерте, ертеде ата мен әже өмір сүріпті. Бір күні ата барып шалқанды тартады, тартады, бірақ тарта алмайды. Ол кемпірді көмекке шақырады.........................<br>- Тек тышқан көмеккке келгенде шалқанды тартып алады. | Балалар ертегі кейіпкерлерін атайды.<br><br>Ертегінің мазмұнын айтып береді.<br><br>Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br><br>Қойылған сұрақтарға жауап қайтарады. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | - Ертегіге қандай кейіпкерлер қатынасты?<br>Жақсы қатынасқан балаларды мадақтау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.
**Түсінеді:**Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды.
**Қолданады:**Өз ойларын жеткізе алады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Ата мен әжемде қонақта болғанда..»**
**Мақсаты:**Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерін бөлу. Фланелеграф арқылы – қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндауды, тіл дамытуды көздеу. Мейірімді, тату-тәтті дос болуға тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс**: шалқан.
**Қостілдік компонент:** шалқан - репка.
**Әдіс-тәсілдер:**әңгімелеу, түсіндіру, өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтау, түсіндіру, сұрақ-жауап.
**Көрнекіліктер:** фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | - Балалар, алғашқы сабақта біз «Шалқан» ертегісімен таныстық.<br>- Кім шалқанды екті?<br>- Кім шалқанды тартты? | Балалар қызығушылықпен жауап береді. |
| Іздену-ұйымдастырушы | 1) –Балалар, « Шалқан» ертегісі естерінде ме?<br>- Кәне есімізге түсірейікші. Бірінші кейіпкерлерді атап шығайық ата әже, немересі, ит, мысық, тышқан.<br>- Бұл ертегіде кейіпкерлер бір біріне көмек бере ме ?<br>2) Балаларды тақтаға шақырып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларын түйіп айтқызу.<br>Баланың түсінгеніне қарай, жақсы қатысқанына қарай 5 кейіпкерлерді таңдап, рөлдерін беру.<br>Сергіту сәті. | Балалар қызығушылық білдіреді.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br><br>Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді.<br><br>Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ-жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау.<br>- Бұл ертегіде сендерге кім ұнады?<br>- Қоян кіммен дос болып қалды? | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.
**Түсінеді:** Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.
**Қолданады:** Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы:**«Осындай үлкен шалқан».

**Мақсаты:** Ертегіні қайталай отырып таңдаған балаларға кейіпкерлердің сөздерін
айтып үйрету. Фланелеграф арқылы сөздердің дұрыс, анық, ашық айтуын қадағалау,
қимыл қозғалыстарын көрсете біліуін дамыту.Бір бірлеріне қиын жағдайда көмектесіп, ренжітпеуге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** шалқан, үлкен, сарғылт.

**Қостілдік компонент:** шалқан - репа, үлкен - большая, сарғылт - оранжевая.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, сұрақ –жауап, сұрақ- жауап, тамашалау.

**Көрнекіліктер:** Фланелеграф кейіпкерлер суреттері

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | - Біздің көзіміз.<br>- Біздің құлағымыз.<br>- Біздің қолымыз бізге бөгет болмайды, олар бізге көмектеседі. | - Көреді.<br>- Мұқият тыңдайды. |
| Іздену-ұйымдастырушы | -Кім шалқанды екті?<br>Алдарына атаның суретін қою.<br>- Ата кемпірді қалай шақырады?<br>- Кемпір немере қызды қалай шақырады?<br>Сурет арқылы сөйлем құрастыру, тәрбиеші екі бейнені көрсетеді: ата кемпірді шақырады, кемпір Машаны шақырады, т.б ...)<br>Ойын: «Кім кімді шақырады?»<br>Мақсаты: ертегіні қайталау.<br>Ойын: « Кім жоқ?»<br>Тәрбиеші: –Кім бірінші келді? Бейнесін алдында қояды.<br>- Кім жоқ? Бейнесін қояды т. б<br>-Кім кімге көмектеседі?<br>- Маша кімге көмек берді?<br>Сергіту сәті. | - Ата.<br>- Кемпір кел, шалқанды тартайық.<br>Балалар бірге шақырады.<br>Балалар сөйлем құрастырады.<br>Балалар сөйлем құрастырады.<br>- Ата.<br>- Кемпір.<br>- Кемпір атаға көмек берді.<br>Бәрі айтып ертегіні қайталайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | - Дұрыс, бәрі бір – біріне көмек беріп шалқанды тартып алды.<br>- Ал, сендер, үйлеріңде кімге көмек бересіңдер? | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Ұғынады:**Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.

**Түсінеді:**Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды.

**Қолданады:**Өз ойларын жеткізе алады.

## Вариативтік компонент

**Тақырыбы:**«Шалқан» ертегісін сахналау.

**Мақсаты**: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау.Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс әрекеттерін, әсерлі көніл-күйлерін білдіре отырып, сезімдерді көрсете білу, рөлдердің дұрыс орындалуын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын,

техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** шалқан, өсті, үлкен, тартты, жұлынбады.
**Қостілдік компонент:** көкөніс – овощ, өсті - выросла, үлкен - большая, тартты - тянул.
**Әдіс-тәсілдер:** сұрақ –жауап, сахналау.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Ертегіге қатысты атрибуттарымен бір – бірден таныстырылады.<br>- Балалар, бұл кім?<br>- Ал мынау кім? деп барлық кейіпкерлер шығарылып көрсетіледі. | Балалар сұрақтарға жауап береді.<br>Кейіпкерлерді танып атайды. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Тәрбиеші балаларды ширма жанына шығарады.<br>Кейіпкерлер рольдерін ойнайтын балаларды тақтаға шақыру.<br>Кейіпкерлердің атрибуттарын қолға киіді ұсынады.<br>Сөздік жұмыс: шалқан, өсті, үлкен, тартты, жұлынбады.<br>Балаларға сөздерді айтқызу.<br>Қалған балалар көрермен ретінде тамашалауға отырғызу.<br>Сергіту сәті. | Балалар қызығушылық білдіреді.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br><br>Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді.<br><br>Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | - Ертегі қалай аяқталады?<br>Балаларды мадақтау, және бағалау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Көрнекіліктер**: Ширма, кейіпкерлер атрибуттары.
**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.
**Түсінеді:** Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.
**Қолданады:** Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы:** «Үш аю» ертегісі.
**Мақсаты:** балалардың білімін бекіту, ертегілер үзінділерін әңгімелей білу.
Балалардың елестету қиялдарын дамыту, сөздік қорын молайту. Көңіл – күйлерін терең түсінуге, аяушылық сезімі қамқоршыболуға үйрету.
**Сөздік жұмыс:** Аю, үш, алыс кетті, адасты, орман.
**Қостілдік компонент:**Ата – дедушка, әже – бабушка, рұқсатсыз – без спроса, үй – избушка, орман – лес, алысқа кетті – ушла далеко.
**Әдіс-тәсілдер:** таныстыру, түсіндіру, ойынмен қызықтыру, сұрақ-жауап, Д/о.
**Көрнекіліктер:** фланелеграф, орман, тоғай, үйдің және кейіпкерлердің суреті.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Балалар, мен сендерге бүгін өте тамаша ертегіні айтып беремін.<br>- Ал, сендер мұқият тындап отырыңдар. | Балалар қызығушылық танытады. |
| Іздену-ұйымдастырушы | - Балалар! Сендер ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келеме?<br>Ертегіні әңгімелеу: ......Ерте,ерте ертеде бір кішкентай Настя деген қыз болыпты.<br>- Мынау кімнің үйі?<br>- Мында кімдер тұрады?<br>Дұрыс, сендер өте ақылдысындар!<br>- Балалар сендер шаршадындарма?<br>Ендеше бәріміз орнымыздан тұрып, бойымызды сергітіп алайық!<br>Сергіту сәті:<br>*Қорбандаған аюдың*<br>*Құлпынайы көп екен*<br>*Теріп, теріп алайық*<br>*Қалтамызға салайық* | Тыныш отырып мұқиат тындайды.<br><br>- Аюдың.<br><br>- Папасы, Мамасы,<br><br>Баласы<br>- Иә. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ –жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау.<br>Балаларды мадақтау. | Балалардың тақпағы:<br>Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.
**Түсінеді:**Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды.
**Қолданады:**Өз ойларын жеткізе алады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы:** «Қане досым, сөзге қосыл».
**Мақсаты:** Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөльдерін бөлу. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндаулары мен тілдерін дамыту.Мейірімді, тату-тәтті -, дос болуға үйрету.
**Сөздік жұмыс:** үш, аю, үлкен, орташа, кішкентай.
**Қостілдік компонент:** аю – медведь, ботқа – каша, ауыл – деревня, үйге кіру – войти в
дом, орманда адасу – заблудилась.
**Әдіс – тәсілдер:** ойынмен қызықтыру, сурет арқылы, сұрақ- жауап.
**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, суреттер.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Дидактикалық ойын «Ненікі?» Мақсаты: кейіпкерлер тандап, тілдерін дамыту, 3 қасық пен 3 тәрелке тарату. | Балалар үстел үстінде отырып айтады: «Бұл менің қасығым!..... Мен онымен сорпа ішемін!» |
| Іздену-ұйымдастырушы | 1) - Балалар, ертегінің кейіпкерлерін атап шығайықшы – Михаил Потапыч, Настасья Петровна, қонжық және Маша.<br><br>2) Балаларды тақтаға шақырып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып ойларын түйіп айтқызу.<br><br>3) Балалардың түсінгеніне қарай, жақсы қатысқанына қарай 5 кейпкерлерді тандап, рөльдерін беру.<br>Сергіту сәті. | Балалар білетін аңдарды атайды.<br>Олардың мекендерін айтады.<br>Кейіпкерлерге мінездеме береді.<br><br>Көрініске қатысады.<br><br>Ойын ойнай отырып, артық заттарды тауып көрсетеді.<br><br>Сөздерді қайталай отырып, қимылмен көрсетеді. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ –жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Кейіпкер образын көрсетеді, композиция құрады.
**Түсінеді:** Кейіпкерлердің іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл күйлерін көрсетеді .
**Қолданады:**Рөлдерді дұрыс орындайды.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы:** «Үш аюға  қонаққа  барайық».
**Мақсаты:** Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Фланелеграф арқылы-сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуын қадағалау, қимыл –қозғалыстарын көрсете білгендерін дамыту. Бір-бірлеріне қиын жағдайда көмектерін, ренжітпеуге тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** Аюлар, үлкен, орташа, кішкентай.
**Қостілдік компонент:**Түнеу – переночевать, жібермеу – не отпускать, пісіру – варить,
уайымдау – тужить.
**Әдіс- тәсілдер:** сұрақ-жауап, сурет жапсыру, қателерін жөндеу, сұрақ – жауап.
**Көрнекіліктер:** фланелеграф, суреттер.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | - Алғашқы сабақта біз қандай ертегімен таныстық?<br>- Кім кейіпкерлерін атап  шығады? | Балалар қызығушылықпен жауап береді. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Балаларға ертегіні естеріне түсіру.<br><br>Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шақыру.<br><br>Балаларды тақтаға шақырып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу.<br><br>Сергіту  сәті. | Балалар қызығушылық білдіреді.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br><br>Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді.<br><br>Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Қорытынды сұрақ –жауап арқылы қорыту Балалардың   дұрыс емес жерлерін түзетіп отыру. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.
**Түсінеді:**Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды.
**Қолданады:**Өз ойларын жеткізе алады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы:**«Үш аю» ертегісін  сахналау.

**Мақсаты:** Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс -әрекеттерін, әсерлі көңіл-күйлерін білдіре отырып сезімдерін көрсету. Рөльдерді дұрыс орындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру.Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашық көрсете білуге үйрету.

**Қостілдік компонент:**ауыл – деревня, үйге кіру – войти в дом, орманда адасу – заблудилась, жібермеу – не отпускать.

**Әдіс- тәсілдер:** сахналау, сұрақ-жауап,

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Балаларға сұрақтар қояды.<br><br>- Балалар, сендер қайда келдіңдер?<br>- Балабақшада не істейсіңдер?<br><br>- Балабақшада ұнайдыма?<br>- Балалар, сендер қалай ойнайсыңдар? | Балалар қызығушылықпен жауап береді.<br><br>- Біз балабақшаға келдік.<br><br>- Ойнаймыз, өлең айтамыз, бейлейміз, ертегі тыңдаймыз.<br>- Балабақша ұнайды.<br>- Бірге, тату ойнаймыз. |
| Іздену-ұйымдастырушы | - Балалар, сендер қандай ертегілер білесіңдер?<br>- Ертегі тыңдаған ұнайдыма?<br>Сергіту сәті<br><br>- Ал менің қолымдағы кітап жай кітап емес сиқырлы кітап. Бұл сиқырлы кітапта «Үш аю» ертегісі бар. Балаларға ертегіні 2-3 рет қайталап оқып беру. | Бауырсақ, Қызыл телпек, Түлкі мен тырна.<br>- Иә.<br>Аңдардың қимыл қозғалыстарын балалар көрсетеді.<br>Оқыған ертегіні балалар мұқият тыңдайды .<br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | - Балалар, ертегі не жайлы?<br><br>- Қызбен не болады?<br>- Қыз кімннің үйіне барады?<br>- Ертегі сендерге ұнадыма?<br>Ойын «Аюдың апанында»<br>Жақсы ат салысқан балаларды мақтап, мадақтайды. | Тәрбиешінің сұрақтарын балалар жауап береді<br>- Қыз орманнан жоғалып кетеді.<br>- Аюдың үйіне барады.<br>- Иә.<br>Балалар ойынға бәрі бірге қатысады. |

**Көрнекіліктер:** Ширма, атрибуттар.

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.
**Түсінеді:** Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.
**Қолданады:** Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

## Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі.**
**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, ондағы кейіпкерлерді жаңа техника
бойынша қабылдауға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыра отырып, іскерлік дағдыларын дамыту. Әдептілікке, өзара жолдастық көмек көрсетуге тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** Үйшік, ертегі.

**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, әңгімелеу, ойынмен қызықтыру, сұрақ – жауап.
**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, орман суреті.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Ең алдымен балаларға ертегі туралы әңгімелеп, түсінік беру.<br>Ертегі дегеніміз - біздің халқымыздың арман-қиялынан туған шығарма. Ертегілердің түр-түрі өте көп. Солардың бірі – «Үйшік » ертегісін бүгін мен сендерге оқып, түсіндіріп беремін. | Балалар тәрбиешінің әңгімесін тыңдап отырады. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Ертегі кейіпкерлерін атап шығу – бақа, қоян, тышқан, т.б.<br>Тәрбиеші мәнерлі рөлге еніп, ертегіні айтып береді.<br>«Ерте, ерте, ертеде ,<br>Ешкі жүні бөртеде,<br>Құйрық жүні ұзын екен,<br>Қырғауылы қызыл екен...»деп бастайды.<br>Ойын **«Кім көп ертегі біледі?»**<br>Мақсаты: Ой - өрісін дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>Сергіту сәті:<br>*Боран соғады оң жақтан,*<br>*Боран соғады сол жақтан.*<br>*Қар лақтырып ойнасақ,*<br>*Су өтеді қолғаптан.* | Балалар қызығушылық білдіреді.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br>Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Балаларға бірнеше сұрақ қойып, ертегі туралы білімдерін жинақтап, өз сөздерімен әңгімелеуге дағдыландыру. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі.**
**Мақсаты:** Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерге бөлу, фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, ой-белсенділігін арттыру. Балалардың көркемдік, эстетикалық талғамын дамыта отырып, белсенділікке тәбиелеу. Ертегіге терең еніп, сұрақ – жауап арқылы тіл байлықтарын дамыту көзделеді.
**Сөздік жұмыс:** Аю, үйшік, үлкен, кішкентай, сындырды.
**Қостілдік компонент:** үйшік – теремок, қосылып – вместе, тұрды – жили.
**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелесу, өткенді қайталау, кейіпкер таңдау, ойнату, сұрақ – жауап.
**Көрнекіліктер:** Кітапша, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Аңдар туралы өлең оқу: «Ормандағы аю», «Ұзын құлақ сұр қоян», «Ақымақ қасқыр», «Қу түлкі» туралы. | Балалар өлеңдерді тыңдайды, қосылып қайталайды. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Өткен сабақты еске түсіру.<br>- Балалар сендер қандай аңдарды білесіңдер?<br>- Олар қайда мекендейді?<br>- Қоян түсін өзгерте ме?<br>Ертегі кейіпкерлерін фланелеграф тақтасына жабыстыра отырып, кейіпкерлерге мінездеме бергізу.<br>3 – 4 баланы ортаға шақырып, шағын көрініс жасау.<br>Дидактикалық ойын: «Не артық?»<br>Ойынның мақсаты: Танымдық қасиеттерін, ой-өрістерін, қызығушылықтарын арттыру.<br>Сергіту сәті:<br>*Ұзын құлақ, сұр қоян,*<br>*Естіп қалып сыбдырды,*<br>*Ойлы-қырлы жерлермен*<br>*Ытқып-ытқып жүгірді.* | Балалар білетін аңдарды атайды.<br>Олардың мекендерін айтады.<br>Кейіпкерлерге мінездеме береді.<br><br>Көрініске қатысады.<br><br>Ойын ойнай отырып, артық заттарды тауып көрсетеді.<br><br>Сөздерді қайталай отырып, қимылмен көрсетеді. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сабаққа белсенді қатысқан балаларды мадақтау, бағалау.<br>Сұрақ – жауап бойынша сабақты қортындылау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдайды.
**Түсінеді:**кейіпкерлерге мінездеме береді.
**Қолданады:**рөлдерге еніп, көрініс көрсетеді.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы:** «Қане досым, сөзге қосыл».
**Мақсаты:** Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін дұрыс, анық айту, сөйлеу мүшелерін дұрыс қолдана білуге жаттықтыруды, сөздік қорын дамыту, ертегі туралы алған білімдерін, ойын-жаттығу арқылы тиянақтау. Атрибуттар арқылы кейіпкерлер іс-әрекеттерін, әсерлі көңіл – күйлерін білдіре отырып, тілдерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту. Ойын арқылы балалардың көңіл-күйлерін көтеру.
**Әдіс-тәсілдер:** өткенді қайталау, түсіндіру, әңгімелеу, ойнау, сұрақ – жауап.
**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Ең алдымен балаларға ертегі туралы әңгімелеп, түсінік беру.<br>Ертегі дегеніміз - біздің халқымыздың арман-қиялынан туған шығарма. Ертегілердің түр-түрі өте көп. Солардың бірі – «Үйшік » ертегісін бүгін мен сендерге оқып, түсіндіріп беремін. | Балалар тәрбиешінің әңгімесін тыңдап<br>отырады. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Ертегі кейіпкерлерін атап шығу – бақа, қоян, тышқан, т.б. Тәрбиеші мәнерлі рөлге еніп, ертегіні айтып береді. «Ерте, ерте, ертеде ,<br>Ешкі жүні бөртеде,<br>Құйрық жүні ұзын екен,<br>Қырғауылы қызыл екен...»<br>деп бастайды.<br>Ойын **«Кім көп ертегі біледі?»**<br>Ойынның мақсаты: Ой - өрісін дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>Сергіту сәті:<br>*Боран соғады оң жақтан,*<br>*Боран соғады сол жақтан.*<br>*Қар лақтырып ойнасақ,*<br>*Су өтеді қолғаптан.* | Балалар қызығушылық білдіреді.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br>Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Балаларға бірнеше сұрақ қойып, ертегі туралы білімдерін жинақтап, ертегіні өз сөздерімен әңгімелеп | Сұрақтарға жауаптар<br>береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | беруге дағдыландыру. | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:** Ертегі мазмұнын түсінеді.
**Түсінеді:** Әдепті болуға, көмек беруді түсінеді.
**Қолданады:**Ертегіні өз сөздерімен әңгімелеп береді.

## Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге тоймайды».**
**Мақсаты:** Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл-күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрысорындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге,оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. Кейіпкер образын көрсете білуге, композиция құрауға үйрету, ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру.
**Сөздік жұмыс:** қоян, қасқыр.
**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелеу, көрсеті, түсіндіру, сахналау.
**Көрнекіліктер:** Сахна, кейіпкерлер атрибуттары, көрме.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Қонаққа сиқыршы келеді.<br>- Сәлеметсіндер ме, балалар? Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Мен сендердің бүгінгі ертегілеріңді тамашалауға келдім.<br>- Бүгін біз ««Қасқыр мен қоян» ертегісін сахналаймыз. Кейіпкерлер келіңдер қайдасыңдар? | Сұрақтарға жауаптар береді. |
| Іздену-ұйымдастырушы | 1)Балаларға қасқыр мен қоян ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару– қоян мен қасқырды.<br>2) Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балалар көрермен ретінде тамашалауға отырғызу.<br>3) Балалар сөздерді ашық, анық, бар эмоциямен сахналатқызу. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкерлер атрибуттарын қарсы алғызу.<br>Сергіту сәті. | Балалар қызығушылық білдіреді.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br><br>Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді.<br><br>Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Көрермендер кейіпкерлерді бағалау.<br>Сұрақ – жауап. Мадақтау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегі әлеміне қызығушылық білдіріп, мағынасын түсінеді.
**Түсінеді:** Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын келтіріп ойнайды.
**Қолданады:** Сөздерді анық айтады, есте сақтауды үйренеді.

## Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» ертегісі.**

**Мақсаты:** Ертегі суреттері арқылы мазмұнымен таныстыру. Дидактикалық ойын арқылы ой - өрістерін, танымдық қасиеттерін кеңейту. Балаларға эстетикалық тәрбие беру арқылы шығармашылығын Ойлау қабілеттерін арттыра отырып, іскерлік дағдыларын дамыту.
**Сөздік жұмыс:** Үңгір, азық, озбырлық.
**Қостілдік компонент:**Үңгір -, азық - продукты.
**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, жалмауыз кемпір атрибуты.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Қонаққа жалмауыз кемпір кіреді.<br>**Жалмауыз кемпір:** - «Е, е, е – (айқайлап), мен сендерді қазір өзімнің үйіме алып кетіп, бір – бірлеп жеймін» - дейді.<br>**Жалмауыз кемпір:** - Айтыңдар қане ертегілеріңді, ұнаса жемеймін, ұнамаса алып кетемін. | Жоқ жалмауыз кемпір, бізді ешқайда әкетпеші, біз саған ертегі айтып береміз. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Ертегініатау: «Түлкі мен қоян » ертегісі.<br>Фланелеграфқа суреттерді жапсыра отырып, түсіндіру.<br>- Ұзын құлақ сұр қоян қашып келіп, бұта түбіне бұғып отырғанда, артынан бір қу түлкі ізіне түсіп, жортып келе жатыр екен. Қоянның екі құлағынан бас салып ұстап алды. Қоян түлкіні сол кезде алдап жіберіп, құтылып кетеді.<br>- Бұл ертегіде қоян аңқау болса да, қулақ жасап, өз өмірін сақтап қалды. Ал түлкі керсінше, қоянға алданып қалды.<br>Дид.ойын: «Ойлап тап!».<br>Сергіту сәті. | Кейіпкерлерін атайды –қоян, түлкі .<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br><br>Бұл ойын арқылы жануарлар мінез-құлықтарын терең танып түсінеді. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Жалмауыз кемпір:<br>- Балалар маған сендердің ертегілерің ұнады, сендерге тағы да келуге бола ма? Сау болыңдар. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

## Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Түлкі, түлкі, түлкішек».**

**Мақсаты:** Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерге бөлу, фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, ой-белсенділігін арттыру. Балалардың көркемдік, эстети -калық талғамын дамыта отырып, белсенділікке тәбиелеу. Ертегіге терең еніп, сұрақ – жауап арқылы тіл байлықтарын дамыту көзделеді.
**Сөздік жұмыс:** түлкі, қоян, үй, мұз, ағаш.
**Қостілдік компонент:**
**Әдіс-тәсілдер:**
**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Жұмбақ жасыру:<br>1. Халық қу деп<br>Қылған күлкі<br>Бұл не ...<br>2. Қорқақ жасық<br>Құлағы ұзын<br>Бұл не ... | Балалар жұмбақтардың шешімін табады.<br><br>-Түлкі.<br><br><br>- Қоян. |
| Іздену-ұйымдастырушы | - 1) Балалар қоян мен түлкі ертегісін есімізге түсірейікші, кейіпкерлерін атап шығайық. Ертегі кейіпкерлерін фланелеграф тақтасына жабыстыра отырып, кейіпкерлерге мінездеме бергізу. Дидактикалық ойын: «Не артық?» Ойынның мақсаты: Танымдық қасиеттерін, ой-өрістерін, қызығушылықтарын арттыру. Сергіту сәті. | Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br><br>Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді.<br><br>Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сабаққа белсенді қатысқан балаларды мадақтау, бағалау. Сұрақ – жауап бойынша сабақты қорытындылау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

## Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Қу түлкі мен қорқақ қоян».**
**Мақсаты:** Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін дұрыс, анық айту, сөйлеу мүшелерін дұрыс қолдана білуге жаттықтыруды, сөздік

қорын дамыту, ертегі туралы алған білімдерін, ойын-жаттығу арқылы тиянақтау. Атрибуттар арқылы кейіпкерлер іс-әрекеттерін, әсерлі көңіл – күйлерін білдіре отырып, тілдерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту. Ойын арқылы балалардың көңіл-күйлерін көтеру.

**Сөздік жұмыс:**

**Қостілдік компонент:**

**Әдіс-тәсілдер:**

**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Тосын сәт: Қонаққа ит келеді.<br>- Сәлеметсіңдер  ме, балалар?<br>Ит: - Менімен ешкім дос боғысы келмейді, бәріде қорқады.<br>- Балалар біз иттен қорқамыз ба? | - Сәлеметсің бе, ит.<br>Саған не болды, сен неге сондай көңілсізсің?<br>- Біз қорықпаймыз, сенімен дос боламыз. |
| Іздену-ұйымдастырушы | - Бүгін біз «Түлкі мен қоян» ертегісін сахналаймыз. Сен келіп балалармен тамашала.<br>Балаларға «Түлкі мен қоян» ертегісін естеріне түсіру.<br>Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу.<br>Қалған балаларды көрермен ретінде тамашалауға отырғызу.<br>Сергіту сәті:<br>Көрермен балаларға сұрақ қойып, түсінгендерін тексеру. | Балалар Итті шақырады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні.<br>Балалар сөздерді ашық, анық айтады.<br>Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | -«Балалар рахмет сендерге, мен бірсыпыра қуанып, көңіл көтеріп қалдым. Кеш батпай үйіме қайтайын. Сау болыңдар!» - деп кетіп қалады. Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау. | Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау.<br>Балалар көргендерін, түсінгендерін тексеру. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Ұғынады:**Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.

**Түсінеді:** Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

**Қолданады:** Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» ертегісін сахналау**

**Мақсаты:** Ертегі туралы  түсініктерін бекіте отырып, сахналау.

Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрыс орындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге,оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. Кейіпкер образын көрсете білуге, композиция құрауға үйрету, ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру.

**Сөздік жұмыс:** қоян, түлкі.

**Көрнекіліктер:** Ширма, кейіпкерлер атрибуттары, көрме.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Қонаққа ит келеді.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар?<br>- Менімен ешкім дос боғысы келмейді, қорқады.<br>- Балалар біз иттен қорқамыз ба?<br>- Бүгін біз «Түлкі мен қоян» ертегісін сахналаймыз. Сен келіп балалармен тамашала. | - Сәлеметсің бе, ит. Саған не болды, сен неге сондай көңілсізсің?<br>- Біз сенен қорықпаймыз және сенімен дос болуға дайынбыз. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Көрермен балаларға сұрақ қойып, түсінгендерін тексеру.<br>Балаларға түлкі мен қоян ертегісін естеріне түсіру.<br>Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балаларды көрермен ретінде тамашалауға отырғызу.<br>Сергіту сәті. | Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні.<br>Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | -« Балалар рахмет сендерге, мен бірсыпыра қуанып, көңіл көтеріп қалдым. Кеш батпай үйіме қайтайын. Сау болыңдар!» - деп кетіп қалады. Көрермендер балаларға сұрақ қойып, түсінгендерін тексеру.<br>Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау. | Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Қоянның үйшігі».**
**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлері арқылы мазмұнымен таныстыру. Сұрақ жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру.Мимикалық дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығармашылықтарын дамыту.Көңіл – күйлерін терең түсінуге, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** Шалғы, ағаш және мұз үйшіктері.
**Әдіс-тәсілдер:** Қызықтыру, әңгімелесу, таныстыру, түсіндіру, әңгімелеу, ойынмен қызықтыру, сұрақ – жауап.
**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, Ерден ата қуыршағы.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Балалар біздің бүгінгі сабағымызға Ерден ата келіпті. Ерден ата, біз сіздің келгеніңізге өте қуаныштымыз.<br>Ерден ата:<br>- Балалар сендер ертегілерді көп біледі деп естідім?<br>- Ертегілерді жақсы көресіңдер ме?<br>- Балалар ертегілерді естеріңе түсіріңдерші, қалай басталушы еді? | Балалар амандасады.<br>- Әрине.<br><br>- Иә.<br>- «Ерте, ерте, ертеде...» деп немесе «Ерте, ерте, ерте екен, ешкі жүні бөрте екен...» деп басталады. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Бүгінгі біздің ертегіміз «Қоян мен түлкінің үйшігі» деп аталады.<br>Ертегіні баяндау. Фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру.<br>- Ерте, ерте, ертеде бір қоян мен түлкі орманда өмір сүріпті. . .<br>Қоян үйшігі ағаштан, ал түлкінің үйшігі мұздан жасалған екен. . .<br>**Д/о (мимикалық):**<br>Кейіпкерлердің көңіл - күйлерін салу. | Кейіпкерлерді атайды – Қоян, Түлкі, Ит, Аю және Әтеш.<br><br>Ертегіні мұқият тыңдайды.<br>- Қоян жылап тұр.<br>- Ит пен аюдың қорықты.<br>- Әтеш пен қоянның қуанышы. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорытындылау. | Ертегінің кейіпкерлерін атайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

## Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Оқы да біл, ойна да күл».**
**Мақсаты:** Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерді таңдау, рөлдерді бөлу.
Фланелеграф арқылы - қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндау және тіл байлықтарын дамыту.Мейірімді, тату-тәтті, дос
болуға тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:**Шалғы, ағаш және мұз үйшіктері.
**Қостілдік компонент:** ағаш – деревянный, мұз – ледяной,домики - үйшіктері.
**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелесу, түсіндіру, өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру, кейіпкер таңдау, сұрақ - жауап
**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Балаларға жұмбақ жасыру - «Сыбдырдан қорқады, Шошынып жортады. | Жұмбақтың шешімін айтады: - Қоян. |
| Іздену-ұйымдастырушы | - Балалар қоян мен түлкі ертегісі естерінде ме?<br>- Кейіпкерлерді атап беріңдерші.<br>- Ертегіде кейіпкерлердің мінезі қандай?<br><br>- Ертегі соңында қоян ба, әлде түлкіні кім жеңеді?<br>- Қоянға кім көмектеседі?<br>Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларын түйіп айтқызу.<br>Баланың түсінгеніне, жақсы қатысқанына қарай 5 кейіпкерді таңдап, рөлдерді бөлу.<br>Сергіту сәті. | – Қоян, Түлкі, Ит, Аю және Әтеш.<br>Қоян мейірімді, қорқақ , аңқау,<br>Түлкі қу, жаман,<br>ит пен аю қорқақ,<br>әтеш батыр, күшті болып келеді.<br>- Әтеш.<br>Балалар қызығушылық білдіреді.<br><br>Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br><br>Қимылмен көрсетіп,<br><br>орындайды |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау.<br>- Бұл ертегіде сендерге кім ұнады?<br>- Қоян кіммен дос болып қалды? | Сұрақтарға жауаптар<br><br>береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.
**Түсінеді:** Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.
**Қолданады:** Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

## Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды».**

**Мақсатары:** Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету.Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтуларын қадағалау, қимыл – қозғалыстарды көрсете білуді дамыту. Бір – біріне қиын жағдайда көмектесіп, ренжітпеуге тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** дос, жау.
**Қостілдік компонент:**ағаш – деревянный, мұз – ледяной, дос – друг.
**Әдіс-тәсілдер:** Тәрбиелеу, түсіндіру, өткенді қайталау.
**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Балаларға тәрбиежағынтүсіндіре отырып, мақалдап айту.<br>**Мақал:***Досы көпті жау алмайды,<br>Ақылы көпті дау алмайды.*<br>- Бір – бірлеріңе дос болсаңдар ешкім сендерге тиіспейді де, ешкім сендерді ренжіте алмайды. Дос қиын кезде көмектеседі. | Сұрақтарға жауаптар береді.<br>Мақалды қайталайды. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Балаларға қоян мен түлкі ертегісін естеріне түсіру.<br>Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару– Қоян, Түлкі, Ит, Аю және Әтешті.<br>Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу.<br>Қате жерлерін түзетіп отыру.<br>Сергіту сәті. | Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні.<br>Балалар сөздерді ашық, анық айтады.<br>Көрермендер колдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу.<br>Балалар сөздерді ашық, анық айтады. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорыту.<br>Балаларды мадақтау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

## Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге тоймайды»**

**Мақсаты:** Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдердің дұрыс орындалуын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:**аңдар, достар, қосылып тұрды.
**Әдіс-тәсілдер:** Тәрбиелеу, түсіндіру, өткенді қайталау, тамашалату, сұрақ - жауап.
**Көрнекіліктер:** Ширма, кейіпкерлер атрибуттары.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Балалар бұл кім? Қоян. Ал мынау кім? – деп, барлық кейіпкерлер шығарылап көрсетіледі. Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегіде ойнайды? «Қоян мен түлкі үйшік» ертегісінде. | Балалар қызығушылық білдіреді. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Балаларға қоян мен түлкі ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару– Қоян, Түлкі, Ит, Аю және Әтешті.<br>Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балаларды көрермен ретінде тамашалауға отырғызу.<br>Балаларға сөздерді ашық, анық, бар эмоциямен сахналатқызу.<br>Көрермендерге қолдарын шапалақтатып, кейіпкерлер атрибуттарын қарсы алғызу.<br>Сергіту сәті. | Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br>Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы ертегіні аяқтау. Көрермендерге қандай кейіпкер жақсы ойнағанын сұрау.<br>- Ертегі қалай аяқталады?<br>Балаларды мадақтау, бағалау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.**
**Мақсаты:**«Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып, тілдік қорларын байыту, ой өрістерін дамыту. Сұрақ -жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Мимиканың дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығарылауын дамыту. Көңіл – күйлерін көтеріп, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу..
**Сөздік жұмыс:** тоғай, лақ , ешкі, қасқыр.
**Әдіс –тәсілдер:** Сұрақ –жауап, әңгімелесу, ойын, сергіту, мадақтау, қорытындылау.
**Көрнекіліктер:**Фланелеграф, суреттер, ойыншық жеті лақ, ешкі, қасқыр.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Балаларға суретті көрсетіп: - Бүгінгі жаңа ертегімен танысамыз « Қасқыр мен жеті лақ».<br>- Балалар қасқыр туралы не білесіңдер?<br>- Қандай жануар?<br>- Ешкі,лақ қандай жануар?<br>- Лақ туралы қандай өлең.тақпак білесіңдер. | Балалар суретке назар аударады.<br><br>- Қауіпті аңдарға жатады.<br>- Жабайы жануар.<br>- Үй жануарлары.<br>- Етімен, сүтімен пайдалы.<br>*Лағым-ау лағым,*<br>*Ерке тотай шұнағым.*<br>*Ағаштарды кемірсең,*<br>*Құлағыңды жұламын.* |
| Іздену-ұйымдастырушы | Ертегінің атын атау: «Жеті лак ....»Кейіпкерлерді атап таныстыру:<br>- Ешкі, лақ, қасқыр сөздері<br>Ертегіні әңгімелеу: фланелеграфка кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру.<br>Дидактикалық ойын(мимикалық)<br>Мақсаты: кейіпкерлердің көңіл күйін салғыздыру.<br>- ешкінің өтініші,<br>- лактардың ақылдылығы,<br>- қасқырдың алдауы.<br>Сергіту сәті: | Сөздерді қайталайды.<br>Ертгінін мазмұнын мұқият тыңдап отырады.<br><br>Ойынға белсенді қатысады, әр кейіпкердің образына еніп, оның көңіл-күйін көрсетеді.<br><br>*Көлбең, көлбең көлеңкем,*<br>*Көлбеңдеген көлеңкем.*<br>*Қасқыр қалай жүреді,*<br>*Қасқыр былай жүреді.* |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Қорытынды: - Балалар барлығымыз ертегіні жақсы түсіндік пе?<br>- Қызықты болды ма? | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Лақтарым менің, айналайын, лақтарым менің!»**
**Мақсаты:**Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, Ойын арқылы рөлдерге
бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету және тілдерін дамыту. Мәнерлі сөйлесу дағдыларын жетілдіру, шығармашылыққа жете көңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аудару, сөз өнеріне, шешендікке баулу. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің көзқарасын айта білуге үйрету.
Фланеграф арқылы қызығушылықтар мен қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндаулары мен, тіл байлықтарын байыту. Мейірімді, тату- тәтті дос болуға тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:**Өмір сүріпті – жыли-были, ешкі – коза, лақтар – козлята, үй – избушка,
домик, шеше – мать, бабушка, сүт – молоко, қасқыр – волк.
**Әдіс-тәсілдер:** әңгімелесу, үсіндіру, өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру.
**Көрнекіліктер:** фланелеграф, кейіпкерлер суреті.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Балаларға жұмбақ тапсыру: «сегіз тұяғы бар, иегінде сақалы бар» (ешкі) | |
| Іздену-ұйымдастырушы | Балалар «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін естідіңдер ме?<br>Бірінші кейіпкерді атап шығайық: ешкі, лақ, қасқыр.<br>- Бұл  ертегіде кейіпкерлердің мінезі қандай?<br>Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларындағы түйінін айтқызу.<br>Балалардың түсінгендеріне, жақсы қатысқандарына қарай, кейіпкерлерді таңдап, рөлдерін беру.<br>Сергіту сәті | Балалар ертегі кейіпкерлерін аиайды.<br><br>Ешкі – ақылды, жауапты.<br>Лақтар – анасын тыңдайды, тіл алғыш.<br>Қасқыр – жаман, жырткыш, лақтарды жегісі келеді.<br>*Шөре – шөре лағым.*<br>*Тентек болма шырағым,*<br>*Секектеме, деміңді ал.*<br>*Селтеңдемей құлағың.* |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау.<br>- Бұл ертегіде сендерге кім ұнады?<br>- Лақтары  кіммен қалады? | Балалардың жауаптары.<br>Балалар ойларымен бөліседі, түсінгендерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге сүт әкелді!**
**Мақсаты:** Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні қайталай отырып,
таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелеуге үйрету. Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға, сұлулықты тануға баулу.
Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтатынын қадағалау, қимыл – қозғалыстарын көрсете білуін дамыту.Бір – біріне қиын жағдайда көмектесіп, адамгершілік қасиеттерін қалыптыстыпу.
**Сөздік жұмыс:**ешкімге ашпаңдар, темір ұста, ешкі, лақтар, алдады.
**Қостілдік компонент:** Дыбыс – голос,темір ұста– кузнец, ор – яма, қарын – брюхо, жиналды – собралась,ешкімге ашпаңдар – никому не отпирайте.
**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, өткенді қайталау, сұрақ – жауап.
**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Балаларға жұмбақ жасырады:<br>*Жарға шығып ойнайды,*<br>*Ойынына бір тоймайды.*<br>*Болса –дағы саналы,*<br>*Секеңдеуді қоймайды.*<br>- Жақсы, дұрыс шештіңдер.<br>*Ақ, ақ секеңдейді лақ.* | Жұмбақтың шешімін табады.<br><br><br><br><br>- Ешкі. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Балаларға ешкі, лақтар және қасқыр ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару: жеті лақ (Балаларды) олардың қуаныштарын бөлісуі.<br>Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу.<br>3. Балаларға сөздерін ашық, анық бар эмоциямен айтқызу.<br>ІІІ Сергіту сәті | Балалар қызығушылық білдіреді.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br><br>Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді.<br><br>Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорыту.<br>Балаларды мадақтау, бағалау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін сақналау.**
**Мақсаты:**Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс әрекеттерін, әсер көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Қиялдарын, естетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру.
**Сөздік жұмыс:** Есік қағу – постучать в дверь, жорту – рыскать, тыңдау – слушать, ән
айту - петь, алдау – обхитрить, күтті - дождался
**Әдіс-тәсілдер:** Атрибуттармен қызықтыру, түсіндіру, өткенді қайталау.
**Көрнекіліктер:** ширма, кейіпкерлер атрибуттары.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Ертегі атрибуттарымен таныстырады.<br>- Балалар бұл кім?<br>- Ал мынау кім?<br>- Ал мынау ше?<br>- Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегі де ойнады? | Балалар қызықтап тамашалайды.<br>- Ешкі.<br>- Лақтар.<br>- Қасқыр<br>- «Жеті лақ және қасқыр» ертегісінде. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Балаларға жеті лақ және қасқыр ертегісін естеріне түсіру таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару.<br>- Бұл ертегіде:Үй жануарларына жатады. Етімен, сүтімен бізге пайдалы. Ешкі мейрімді анасы боласың, ал лақтар – ақылды, тіл алғыш боласыңдар.<br>- Ал қасқыр – жаман, айлакер, жыртқыш болады. Жабайы жануар, Қауіпті аңдар қатарына жатады. Балаларды ширма жанына шығарып, сөздерін айтқызу. Қалған балалар көрермендер ретінде тамашалауға отырғызу. Балалар сөздерді ашық, анық бар эмоциясымен сахналатқызу. | Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br><br>Балалар тақтаға шығады. Кейіпкерлерге мінездеме береді.<br><br>Кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерді қайталайды.Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкерлерді қарсы алады. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы ертегіні сақтау. Қуанышты екенін айтып ескерту. Балаларды мадақтау, бағалау. | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы**: «Алтын айдарлы әтеш» ертегісі».
**Мақсаты:** Ертегі мазмұнымен таныстыру. Сұрақ-жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру.
**Міндеттері:** а) Ертегінің не жайында баяндалғанын, қалай аяқталғанын, көмекші сұрақтарға сүйеніп, ауызша талдап, мәнісін түсіндіріп баяндауға үйрету.
Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелетуге үйрету, мәнерлі сөйлеу дағдыларын үйрету. Шығармашылыққа жете көңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аударту. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің көзқарасын айта білуге үйрету.
ә) Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға баулу.
б) Көңіл күйлерін терең түсінуге, сұлулықты тануға, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.
**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, Шопан ата қуыршағы.
**Сөздік жұмыс**. Айдарлы, оттық (қорадағы), сұлу, жетіген.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Қонаққа Шопан ата келді,<br>Шопан ата, біз сіздің келгеніңізге өте қуаныштымыз.<br>- Балалар, сендер ертегіні көп білесіңдер ме?<br>- Ертегіні жақсы көресіңдер ме?<br>Жұмбақтар жасырады.<br>- Ендеше «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін тыңдаңдар. | Балалар амандасады.<br>- Әрине.<br>- Иә.<br>Ертегі кейіпкерінің табады. |
| Іздену-ұйымдастырушы | 1. Кейіпкерлермен таныстыру.<br>2. Ертегіні айта бастау.<br>Фланелеграфқа кейіпкер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру.<br>Ертеде бір алтын айдарлы әтеш пен мысық дос болыпты, екеуі бір үйде тұрыпты.<br>Әтешті, мысығы жоқта екі – үш рет түлкі алдап, алып кетеді.<br>Тек мысық, үш рет барып, түлкіден қорғап, әтешін алып қайтады.<br>2) Д/о. Кейіпкердің көңіл-күйлерін салу (мимикалық).<br>Мысалы: Әтеш, түлкіге алданып қалды.<br>Түлкі – қу, айлакер<br>Мысық – пысық, өжет, қамқоршы.<br>ІІІ. Сергіту сәті. | Балалар қызығушылық білдіреді.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні.<br>Балалар сөздерді ашық, анық айтады.<br>Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу.<br>Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | Әтеш әнге басады<br>Әтеш ұйқы ашады. | Қимылмен көрсетіп,<br>орындайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау.<br>- Балалар ертегі ұнады ма?<br>- Қызықты ма?<br>- Кәне балалар, алтын айдарлы әтешті қорғап қалған мысыққа қошеметтеп, қол соғып қояйық. | Сұрақтарға жауаптар<br>береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Жібек шашақты сақалы бар, майға батырып алған тәрізді басы бар».**
**Мақсаты:** Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлеін таңдау, рөлдерді бөлу. Балаларға сөздері мен қимыл қозғалыстарын үйрету. Көркем сөздер арқылы балалардың тілін, сөздік қорын, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін арттыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, еске түсіру, ойлау т.б. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Байқағыштыққа, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке, дос болуғатәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** Әтеш, мысық, түлкі,
**Көрнекіліктер:** Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Жұмбақ жасыру:<br>- *Ерте тұрады*<br>*Жыр шақырыды.*<br>- *От басында құмған,*<br>*Екі көзін жұмған* | Балалармен<br><br>- Әтеш.<br><br>- Мысық. |
| Іздену-ұйымдастырушы | - Балалар, алтын айдарлы әтеш ертегісі естеріңде ме?<br>Суреттерді көрсете отырады.<br>- Бұл ертегіде кейіпкерлердің мінездері қандай?<br>Әтеш – аңқау.<br>Мысық – ақылды, қамқор болады.<br>Түлкі – қу, айлакер.<br>- Ертегі соңында кім жеңеді?<br>- Мысық па, әлде түлкі ме?<br>- Әтешке кім көмектеседі?<br>2) Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ой түйінін айтқызу.<br>3) Балалардың қабілеттеріне қарай кейіпкерлерді таңдап, рөлдерді беру. | Балалар ертегі мазмұнын естеріне түсіреді.<br>Кейіпкерлерді атайды:<br>- Әтеш,<br>- мысық,<br>- түлкі.<br><br><br>- Мысық.<br><br>Қандай мінез-құлықта болатынын айтады.<br><br><br>Ертегіден көрініс үзіндісін сахналайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау.<br>- Бұл ертегіде сендерге кім ұнады?<br>- Әтеш кіммен қалды? | Балалар сұрақтарға жауап айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Сымбатты әтеш».**
**Мақсаты:** Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін диалог бойынша орындауға үйрету.Балалардың ойлау, шығармашылық қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту.Фланелеграф арқылы сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуларын қадағалау, қимыл-қозғалыспен көрсете білуді дамыту. Қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.
Ұқыптылыққа, шеберлікке баулу, эстетикалық талғамын арттыру.
**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, өткенді қайталау, тамашалау, сұрақ – жауап.
**Көрнекіліктер:** Суреттер театры, ойыншық Әтеш, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Балалар бүгін біздің сабағымызға қонақ келеді.<br>- Ол не екен?<br>- Достар, бүгін мен сендердің топтарыңа, өзімнің сымбатты досым әтеш туралы айтайын деп келдім. | Балалар қызығушылық танытады.<br>- Тауық.<br><br>Балалар тыңдап отырады. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Балалардың естеріне алтын айдарлы әтеш ертегісін түсіру.<br>- Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару.<br>- Мысық қандай?<br>- Әтеш қандай?<br>- Түлкі қандай аң?<br>- Қоян қандай?<br>Түлкінің есту, иіс сезу қабілеті ерекше. Бірақ көзбен көруі - әлсіз.<br>Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу.<br>Қате жерлерін түзетіп отыру. | - Мысық, түлкі, әтеш.<br><br><br><br>- Мысық ақылды.<br>- Әтеш – аңқау, ақымақтау<br>- Түлкі – қу, айлакер.<br>- Ең сүйікті: тышқан, көжек, балықпен қоректенеді.<br>Кейіпкерлерді атайды.<br>Балалар сөздерді ашық, анық айтады. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау. | Сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:** Диалог бойынша орындайды.
**Түсінеді:**Кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз жақтарын біледі.
**Қолданады:** Суреттер театрыарқылы қимыл-қозғалыспен көрсетеді.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін сахналау.**
**Мақсаттары:** а) Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау. Ертегідегі кейіпкерлердің рөлдерін дұрыс орындауларын қадағалау. Ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту.
ә) Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс-әрекеттерін, көңіл-күй әсерін білдіре отырып, сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрыс орындауларын қадағалау. Ұқыптылыққа, мейірімділікке, шеберлекке баулу, эстетикалық талғамын арттыру.
б) Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.
**Әдіс-тәсілдер:** Көрсету,тамашалау,сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелеу.
**Көрнекіліктер:** Сахна, кейіпкерлер атрибуттары.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Сабаққа бір-бірден ертегі атрибуттары кіріп таныстырылады.<br>- Балалар бұл кім?<br>- Ал мынау кім?<br>- Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегілерде ойнайды? | - Мысық.<br><br>Балалар барлық кейіпкерлер атайды.<br>- «Алтын айдарлы әтеш» ертегісінде. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Балалардың естеріне «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін түсіру. Бұл ертегіде мысалы: сен мысық – ақылды, қамқоршы боласың, әтеш – ақылсыз сенгіш боласың, ал түлкі сен – қу, жаман боласың дейміз. Қалған балаларды көрермендер ретінде тамашалауға отырғызу. Балаларға сөздерді анық, ашық айтқызып, бар эмоциясымен сахналатқызу. Көрермендерге қолдарын шапалақтатып кейіпкерлер атрибуттарын қарсы алғызу. | Таңдалған кейіпкерлер - мысық, әтеш, және түлкіні тақтаға шығады.<br><br>Балаларды ширма жанына шығады, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтады. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы ертегі сабағын аяқтау.<br>- Ертегі қалай аяқталды?<br>Балаларды мадақтау, бағалау. | Сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:** Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: Ертегілер әлеміне саяхат.**
**Мақсаты:** «Ертегілер әлеміне саяхат» деген тақырыптағы сабақта балаларды қоршаған ортамен таныстыру ойлау қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ертегінің қалай басталып, қалай аяқталатыны жайлы ұғымын бекіту, есте сақтау, және қайта айтып бере алу дағдыларына үйрету.
**Әдіс –тәсілдері**: Көрсету, сұрақ – жауап,, түсіндіру, әңгімелеу.
**Көрнекілік:** Ертегі кітаптарды «Жеті лақ», «Шалқан» ертегілерінің стол үстіндегі көрінісі арқылы әңгімелеп беру, ғажайып орман көрінісі-құстар, тасбақа, орман аңдары пайдаланылады.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | «Ерте, ерте, ертеде» әуені .<br>- Балалар, сендер «Ертегілер әлеміне» барғыларың келе ме?<br>– Ендеше бүгін біз «Ертегілер әлеміне саяхатқа барамыз».<br>Тосын сәт: Қызыл Телпек келеді.<br>- Ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? | Балалар жәйлап кіреді.<br>Музыка аяқталғаннан кейін қонақтармен сәлемдеседі.<br>- Иә.<br>- Сәлеметсіз бе!<br>Ұнайды, жақсы көреміз. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Ертегілер ертегілер әлеміне барар жолымыз ұзақ болады. Жолда бірнеше судан, үңгірлерден өтуге тура келеді.<br>Үстел үстінде ертегі кітаптар, неше түрлі ертегілердің мазмұны бейнеленген ширмалар қойылған суреттер.<br>- Қандай ертегілер?<br>- Балалар, қараңдаршы, сендердің «Ертегілер әлеміне» келгендеріңізді біліп, қоян күтіп отыр екен.<br>- Кім бізге қоян туралы тақпақ айтып береді?<br>Балалар енді екінші ертегіге келе жатып, бір үңгірге тап болды, осы үңгірден бір бірлеп отейік. Ал, мынау қай ертегі?<br>- Балалар, бұл ертегіні де айтады?<br>- Енді лақ туралы тақпақты кім айтады?<br>- Енді ғажайып орманға барып, құстармен танысамыз, деді.<br>Сергіту сәті:<br>*Қарлығаш боп ұшайық*<br>*Торғай болып қонайық*<br>*Сауысқан болып секіріп,* | Балалар жолға шығады.<br><br>Ертегі кітапханасына келеді.<br><br>- Ол «Бауырсақ», «Үш аю», «Үйшік» ертегілері.<br><br>Балалар кітапханадан шығып, ертегілер әлемінің бірінші «Қоянның үйі» ертегісіне келеді.<br>Балалар ертегінің кейіпкерлерін атап береді.<br><br>- «Жеті дақ»<br>Шөре- шөре лағым<br>Тентек болма шырағым<br>Секеңдеме, деміңді ал<br>Селтеңдемей құлағың<br><br>Балалар келе жатып суға кездеседі.<br>Судың көпірінен еңбектеп |

| | | |
|---|---|---|
| | *Тоқылдақ болып шоқиық.*<br>Судан өткен соң тағы бір ертегіге тап болады.<br>- Балалар мынау қандай ертегі?<br>- Балалар аю қалай жүреді?<br>- Ой, балалар, біз нағыз «ертегілер әлеміне» келдік.<br><br>- Бәріміз отырып қол соғайық.<br>«Ертегілер әлемі» сахналық қуыршақ театры. | өтіп.<br>- «Үш аю».<br>Балалар Машаны, аюларды танып көрсетеді, түсіндіріп айтып береді. жапырақтары бар.<br>- Қорбаңдап (балалар жүрісін салады) |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | - Балалар, сендерге «ертегілер әлеміне » саяхат жасау ұнады ма? Онда қандай ертегілер көрдіңдер?<br>Қызыл телпек балалармен қоштасып кетеді. | - «Жеті лақ», «Шалқан», «Үш аю», «Үйшік», т.б. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:**Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады

# Вариативтік компонент

**Тақырыбы: Ертегі елі жермен келе жатыр.**
**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету, тілін дамыту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.
**Әдіс –тәсілдері:** сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелесу, өткенді қайталау, таныстыру.
**Көрнекілік:** куыршақ театры, кейіпкерлерінің атрибуттары.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Тәрбиеші: - Балалар, сендердің «Ертегілер әлеміне» барғыларың келе ме?<br>Ендеше бүгін біз «Ертегілер әлеміне поезбен саяхатқа барамыз.»<br>- қоян, түлкі, қасқыр кездеседі.<br>- Балалар сендер олармен қай ертегіде кездестіңдер? | Балаларды қызықтыру.<br>-Ия<br>- Жолда<br><br>- Түлкі, қоян, қасқыр<br><br><br>- Жеті лақ пен қасқыр, Түлкі мен қоян, Бауырсақ. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Ал енді балалар, кім айтады<br>- Түлкі қандай?<br>- Түлкі сияқты алдаушы болғыларың келе ме?<br>- Қоян ше?<br>- Қоян сияқты мейірімді, жамандық ойламайтын боламыз.<br>- Ал қасқыр ше?<br><br>- Қане, маған «Жеті лақ пен қасқыр» ертегісіндегі жағымды өздеріңе ұнаған кейіпкерлерді атандаршы.<br>- Ешкі сендерге неге ұнады? | - Түлкі – айлакер, қу, әнші, пысық.<br><br>- Жоқ.<br>- Қоян қорқақ, мейірімді, мақтаншақ.<br>- Қасқыр – айбынды, жырткыш өте иіс сезгіш, ол өз көсемдеріне адал.<br>- Ол ешкі және лақтар<br>- Ол лақрын жақсы көреді, сүт береді, ақылын айтады. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сабақ соңында балалардың жұмысына корытынды жасайды.<br>- Лақтар қандай?<br>- Енді жағымсыз кейіпкерлерді атаңдар?<br>- Олар кімдер?<br>- Қасқырды неге жаман деп ойлайсыңдар?<br>Ойын «Қасқыр мен аю». | <br><br>- Лақтар жақсы, анасын тыңдайды, ақылды.<br>- Қасқыр.<br>- Ол лақтарды жегісі келді.<br>- Қасқыр зұлымдық жасағысы келді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:** Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
**Түсінеді:** Балалар қойылған сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беруге үйренеді.
**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

**ЖШС «Наурызбай» бөбекжай балабақшасы**

Бекітемін:__________

ЖШС «Наурызбай» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: Б.Н. Елжанов

# Ересек «Болашақ» тобының

# 2021-2022 оқу жылына

# Вариативті компонент

# Өнерлі екен он саусақ

Тәрбиеші: Туткабаева Ж

2021-2022жж

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Шырша | Шырша ойыншықтарын жасап үйрену. Саусақпен ойыншықтарды дұрыс сала білуге жаттықтыру. Ойыншықтарды жасау арқылы тазалыққа, ұқыптылыққа, тәртіпке сабырлылық пен әсемдікке тәрбиелеу. | 1 |
| 2 | Қой | Үлгіге сүйене отырып, дайын қойдың үстіне мақтамен жапсыруды үйрету. Қылқаламға желімді ұқыпты жағып алып, сулықпен қолдану іскерліктерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 3 | Балапан | Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Умаждау әдісін қолдана білуге үйрету | 1 |
| 4 | Қар кесегі | Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір-біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Қар кесегін балауызбен салып,оны бояумен бояуды үйрету.Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. | 1 |
| 5 | Қар жамылған бұтақ | Қар жамылған бұтақ<br>Мақсат.Балалардың шығармашылық қабілеттері мен қиялдарын дамыту. Дәстүрден тыс мақталы таяқшалармен қардың суретін салуды үйрету. | 1 |
| 6 | Стакан | Қатты қағазды бүктеп жапсыру арқылы  жасау. | 1 |
| 7 | Сиқырлы ағаш (ұжымдық жұмыс) | Алақанмен сурет салу қабілетін бекіту.Әр түрлі түсті қолдана білуге үйрету.Ұқыпты сурет салуға тәрбиелеу. | 1 |
| 8 | Көңілді сайқымазақ | Түстерді ажырата білуге,саусақпен дөңгелек пішінді заттарды салуға үйрету.Тазалыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 9 | Гүл | Балалардың кол маторикасы дамыту.мақталы дискамен сурет салуды үйрету.Ұқыпты сурет салуға дағдыландыру. | 1 |
| 10 | Гүлдер | Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру | 1 |
| 11 | Алма | Қағазды бүктеу арқылы алма жасауды үйрету.Бүктеген жерге ұқыпты желім жағуды үйрету.Тазалыққы тәрбиелеу. | 1 |
| 12 | Күннің көзі | Сары түсті қағазды «Түйіршіктеу» әдісі арқылы жасау. | 1 |
| 13 | Ыдыстағы гүл | Алақанның таңбасын салуды үйрету және белгілі бір образға дейін сурет салу. | 1 |
| 14 | Құстарға арналған үйшік | Қатты қағаздан үйшік жасау.Ұжыммен жұмыс. | 1 |
| 15 | Ара | Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Желімен ұқыпты  жұмыс жасауға дағдыландыру. | 1 |
| 16 | Зымыран | Оригами әдісі арқылы зымыран жасап қатты көгілдір түске жапсыру. | 1 |
| 17 | Достық ғаламшары | Саусақ  моторикасын дамыту, балаларды саусақпен жұмыс жасауды үйрету. | 1 |
| 18 | Көбелек | Дәстүрден тыс әдіспен көбелектерді салуды үйрету. Салу, елестету қабілеттері мен  бақылай білу дағдыларын бекіту | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Саусақпен жұмыс істеу тәртібімен қолдана білуге, қол-саусақ қимылдарын қалыптастыру. | |
| 19 | Анаға арналған раушан гүлі. | «Бұрмалау, орау» әдісі арқылы түрлі түсті қағаздан жасау. | 1 |
| 20 | Түлкі | Дайын үлгідегі түлкіні қатты қағаздан конус жасап, жапсыру. | 1 |

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы**.Шырша

**Мақсаты.**

Шырша ойыншықтарын жасап үйрену. Саусақпен ойыншықтарды дұрыс сала білуге жаттықтыру. Ойыншықтарды жасау арқылы тазалыққа, ұқыптылыққа, тәртіпке сабырлылық пен әсемдікке тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы.**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

**Шаттық шеңбері**

Балалар, қазір жылдың қандай мезгілі?

Балалар, қыс мезгілінде ауа - райында қандай өзгерістер болады?: Қыс мезгілінде адамдар қалай киінеді?

Қыста қандай ойындар ойнаймыз?

Қызығушылықтарын ояту.

Маша келеді.

Маша балалардан шырша суретін салып беруді сұрайды.

Топқа бөлу.

Балалар қорапшадағы бейнелі суреттерді таңдау арқылы екі топқа бөлінеді.

**1 - топ:** «Аққала» тобы.

**2 - топ:** «Ұлпа» тобы.

**1 - топ:** «Аққала» тобы

**1 - топ**: «Аққала» тобы.

Ақ түсті қағазды алып, жасыл түсті гуащь бояуына қылқаламды батырып, бояуды түтікшемен үрлеп, шырша суретін бейнелейді.

**2 - топ: «Ұлпа» тобы**

монотопия әдісін қолдана отырып шыршаның суретін салады

**Сергіту сәті:**

Саусақтарым тұрыңдар,
Сапты бірге құрыңдар,
Желмен бірге майысып,
Оңға, солға бұрыңдар.

Балалардың жұмыстарын бақылау

**Жеке көмек.**

**Қорытынды.**

**Галерея шарлау әдісі.**

Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.

Жасаған жұмыстарын Машаға беру. Маша қуанып рахмет айтып қоштасады.

Балаларды мадақтау

**Өнерлі екен он саусақ**
**Тақырыбы.Қой**
**Мақсаты**.Үлгіге сүйене отырып, дайын қойдың үстіне мақтамен жапсыруды үйрету. Қылқаламға желімді ұқыпты жағып алып, сулықпен қолдану іскерліктерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**
**Ұйымдастыру кезеңі.**
**Шаттық шеңбер**.
Қызығушылықтарын ояту.
Үнтаспадан қойдың маңыраған
даусы естіледі.
**Ой қозғау.**
Балалар бұл ненің даусы? Тосын сәт.
Қой келеді. Балалармен амандасаы.
Балалар, қой өзінің төлін жоғалтып алыпты.Ол төлін іздеп жүр екен.
Қойдың төлі қалай аталады?
Балалар қойға көмектесеміз бе?
**Дидактикалық ойын:**
**"Дұрысын тап»**
Үй жануарлар ішінен қойдың төлін көрсету.
**Суретпен жұмыс**
Қой және оның төлі туралы түсінік беру.
Үлгі көрсету,түсіндіру.
Үлестірмелі материалға назарларын аударады.
Мына қозыны қараңдаршы.
терісінде жүн жоқ қой . Біз жүнін мақтадан жасаймыз .
Жұмыстың жасалу ретін түсіндіру,көрсету.
**Саусақ жаттығуы**
Оң қолымда 5 саусақ
Сол қолымда 5 саусақ
Қосып едім екеуін,
Болып шықты 10 саусақ.
Балалардың жұмыстарын бақылау.
Балалрмен жеке жұмыс жүргізу.
**Қорытынды.**
Балалардың жұмысын қорытындылау.
**Көрме ұйымдастыру.**
Осы жасаған жұмыстарымызды қойға берейік.
**Балаларды мадақтау**.
**3** шапалақ әдісі арқылы қорытындылау

**Өнерлі екен он саусақ**
**Тақырыбы**.Балапан
**Мақсаты**.Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Умаждау әдісін қолдана білуге үйрету
**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**
**Ұйымдастыру кезеңі.**
**Қызығушылықтаын ояту.**
**Тосын сәт.**
Тауық келеді.
Балалар тауықпен амандасады.
Балалар қонаққа келген тауық өте мазасызданып тұр, не болғанын тауықтан сұрап көрейік.(балалардың назарын тауыққа аударады.)
-Балалар тауық бізге келе жатып балапандарынан адасып қалыпты, тауықтың балапандарын табуға көмектесеміз бе?
**Суретпен жұмыс.**
**«Балапан»**
Балапанмен танысып алайық.
Балапанның түсі қандай?
-Басының пішіні қандай?
-Денесінің пішіні қандай?
-Тұмсығының пішіні,түсі қандай?
Балапанды іздеу.
**Ой дамыту.**
**Суретпен жұмыс.**
-Балалар, қараңдаршы мына жерде үй құстары жайылып жүр. Ішінде тауықтың балапандары бар ма?
Балалардың жауаптары
Жоқ.
-Балалар, енді әрі қарай балапанды іздестірейік.
Келе жатып көгалда серуендеп жүрген балапандарды кездестіру.
Ой қозғау.
Балалар қараңдаршы нелермен кездестік?
Балапандар қайда жүр?
Тауық қуанып рахмет айтады.
**Ойын «Көңілді балапандар»**
Енді балалар тауық пен балапандармен қоштасып, өз тобымызға барып, осы балапандардың суретін салайық.
**Топқа бөлу.**
Тауық,балапан суреті арқылы топқа бөлу.

1-топ тауық тобы балапанды сары гуашпен бояйды.
2-топ балапанды саусақ арқылы бояйды.
Балалардң жұмысын бақылау.
**Сергіту сәті.**
Су болып ағайық,
Терең-терең дем алып,
Жүгіріп-жүгіріп алайық.
**Қорытынды.**
Балалардың жұмысын қорытындылау.
**Галерея шарлау әдісі.**
Жақсы салынған суреттерді көрсетіп мадақтау.
3 шапалақ әдісі арқылы аяқтау.

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы:**Қар кесегі

**Мақсаты:**Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір-біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Қар кесегін балауызбен салып,оны бояумен бояуды үйрету.Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

**Шаттық шеңбер**

Біз бақытты баламыз
Айтқан тілді аламыз
Үлкендерді көргенде
Амандасып аламыз!

Балалар, бәріміз терезеге қарайықшы, қазір жылдың қай мезгілі?
Не көріп тұрсыңдар?

**Ой қозғау.**

Сендер далаға шыққанда қарды қолдарыңмен ұстап көрдіңдер ме?

- Қар қандай екен?

Қыста біз далада қандай ойындар ойнаймыз?

**Ой дамыту.**

**АКТ технологиясы.**

Бейнетаспадан қыс мезгілін тамашалау.

Топқа бөлу.

Ресурстар арқылы.

1-топ бояумен сурет салады.

2-топ мақталы таяқшамен кардың суретін салады.

3- топ майшамен салып үстін бояумен бояйды.

**Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрайық,

Алға қадам басайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Бойымызды жазайық.

Балалардың жұмысын қорытындылау.

**Галерия шаралау әдісі.**

Бас бармақ әдісі арқылы бағалау.

**Қорытынды:**

-Бүгін біз ненің суретін салдық?

-Қар қандай болады?

-Қай мезгілде жауады.
Балаларды мақтау, мадақтау.Смайлктер беру.
**Өнерлі екен он саусақ**
**Тақырыбы.**Қар жамылған бұтақ
**Мақсат.**Балалардың шығармашылық қабілеттері мен қиялдарын дамыту. Дәстүрден тыс мақталы таяқшалармен қардың суретін салуды үйрету.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Шаттық шеңбері.**
Жарқырап күнде ашылды,
Айналаға нұр шашылды.
Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!
Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз!
**Тақпақ оқу**
Аппақ қыстың бояуы
Аппақ қыстың бораны
Ақ көрпеге орайды
Ақ қар байтақ даланы осы өлеңде не туралы айтылған?
Қыс мезгілінде неше ай бар?
-Қыста күн қандай болады?
-Енді айналаға, далаға қараңдаршы қандай болып жатыр?
**Тақтамен жұмыс**. Тақтадағы суретке қарап ормандағы ағаштар туралы әңгімелесу.
**«Қар жамылған ағаш» бейнесін саламыз.**
Жұмыс барысы үлгіге қарап түсіндіру.
Қылқаламды алып, қоңыр түсті гуашпен ағашты саламыз. Ағаштың жуан діңін, төменнен жоғары қарай салып, қар жамылған бейнені мақталы таяқшамен саламыз. Қар жауып тұрған сәтті шашырату әдісімен салып көрсету.
Енді сурет салмас бұрын саусақ жаттығуын жасап алайық.
**Шынжыр.** Оң және сол қолдағы түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.
Енді отырып
жұмысымызды бастай беруге болады.
**Жеке көмек.**
**Қорытынды.**
Көрме ұйымдастыру
Балалардың жұмыстарын қарау.
Бұл ненің бейнесі?
Біз нені бейнеледік?

Балаларды мақтау.

**Өнерлі екен он саусақ**
**Тақырыбы.** Стакан
**Мақсаты.**Қатты қағазды бүктеп жапсыру арқылы  жасау.
**Оқу қызметінің барысы:**
Балалардан жыл мезгілін сұрау**.**
**Шаттық шеңбер.**
Күндей жарқырап
Айдай арайлап
Жұлдыздай жайнап
Судай таза көңілмен
Бүгінігі күнімізді бастайық!- Балалар бір аптада неше күн бар?
- Бір аптада 7 күн бар.
- Балабақшаға неше күн келеміз?
- Балабақшаға 5 күн келеміз.
Бүгін аптаның қай күні?
Қазір қай жыл мезгілі?
Балалардың жауаптары.
**Қызығушылықтарын ояту.**
Балалар,біреу есік қаққан сияқты,ашамыз ба? Бұл біздің Айгүл апайымыз ғой. Айгүл апай:
-Балалар,менің үйдегі қуыршақтарымның кеселері( стакан) сынып қалды, маған көмектесесіңдер ме?
Балалардың жауаптары.



**Балаларға үлгі көрсету,түсіндіру.**
**Сергіту сәті (видео)**
Балалардың жұмысын бақылау.
Жеке көмек көрсету.
Қорытынды.
Айгүл апай балалармен жеке жұмыс өткізеді. Балалардың жасаған жұмыстарын талдайды.
Айгүл апай: «Балалар, сендерге үлкен рақмет. Енді қуыршақтарым қуанатын болды. Сендерге өнерлі екенсіңдер»,-деп балалармен қоштасады.
Балаларды мадақатау.

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы**.Сиқырлы ағаш (ұжымдық жұмыс)

**Мақсаты.**

Алақанмен сурет салу қабілетін бекіту.Әр түрлі түсті қолдана білуге үйрету.Ұқыпты сурет салуға тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер**

Армысың,ардақты Аспан ата!
Армысың,мейірімді Жер –ана!
Армысың,шұғылалы алтын күн!
Күліп шықты күн бүгін.

**Балалармен әңгімелесу.**

Балаларды терезе алдына шақырып қыс мезгілі туралы әңгімелесу.
Сұрақ жауап.

**Қызығушылықтарын ояту.**

**Тосын сәт.**

Суретші келеді.

Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен суретшімін. Бүгін сендердің білімдеріңді көріп тексергім келді. Менің сендерге алып келген тапсырмаларым бар. Соны орындайсыңдар ма?

Балалардың жауаптары

**1 Тапсырма.**

Суретшінің қатесін тап? (жыл мезгілдері)

**2-тапсырма.**

**Жұмбақ**

Қыста киімін тастайды,
Көктемде киіне бастайды.

**Ашық сұрақтар**

Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?
Ағаш не үшін керек?
Ағаш болмаса не болар еді?
Жарайсыңдар.

**Сергіту сәті.**

Оң саусағым шаршады,
Сол саусағым шаршады.
Саусақтарым бірігіп,
Билеп, билеп алады.

**3-тапсырма.**
Сиқырлы ағаш суретін салу.
Балаларды 2 топқа бөлу.
I топ – алақанмен сурет салад.
II топ – бастырмамен ағаштың суреттін салады
балаларға көмектесу.
Ақ қағаздың дәл ортасына сала білулерін қадағалау, көмектесу.
Суретші:
Балалар сендер сурет салудың тәсілдерін біледі екенсіңдер.
Жарайсыңдар.
**Қорытынды.**
**Көрме ұйымдастыру.**
**Сиқыршы.**
Балалар сендер әдемі ағаштардың суретін салдыңдар мен сол ағаштарыңды сыйлыққа алып кетейін. Маған ұнады.
Сендерге сыйлыққа боямақ кітаптар алып келдім. Соны сендерге беремін.
Балалармен қоштасады.
Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.
Мадақтау.

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы**.Көңілді сайқымазақ

**Мақсаты.** Түстерді ажырата білуге,саусақпен дөңгелек пішінді заттарды салуға үйрету.Тазалыққа тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер:**

Армысың,қасиетті Аспан- Ата!
Армысың,мейірімді Жер- Ана!
Армысың, шұғылалы Алтын күз!
Қайырлы таң, қайырлы күн!

**Суретпен жұмыс.**

Циркте жануарлар да бар.Циркте сендер сүйетін, сендерді күлдіретін кім?
Дұрыс .Сайқымазақ.
Қане,бәріміз бірге сайқымазақ деп айтайық.

**Тосын сәт.**

Топқа сайқымазақ кіреді. Сәлеметсіндер ме, балалар!

**Сайқымазақ**: Мен көнілді сайқымазақпын. Сендер көңілсізсіндер ғой, келіндер, ойын ойнайық.Қолымдағы сиқырлы шарды кімге берсем,сол бала менімен би билейді.

Жарайсындар

Рахмет.Ал, енді, бойымызды жазып, жаттығуды орындайық.

**Сергіту сәті:**

Жоғары қарап күн көрдік, Төмен қарап жер көрдік. Оңға, солға бұрылдық, Егеменді ел көрдік.

**Сайқымазақ:** Балалар,мені көрші топ күтіп қалды, мен сонда барып келейін. Кездескенше, сау болындар!

Балалар, көңіл- күйлерің түспей – ақ қойсын.Сайқымазақты біз тағы да шақырамыз.Ал ол келгенше сыйлық дайындап қояйық. Өткен біз адамның сұлбасын салғанбыз.Енді алдарындағы сұлбаға сайқымазақтың киімін киіндірейік.



Үлгі көрсету түсіндіру.
Бақылау.
Жеке көмек көрсету.

**Қорытынды.**

Балалардың жұмысын бағалау.
Көңілді смайлктер беру.
Балалар, сендерге бүгінгі оқу қызметі  ұнады ма?
Біз кімді киіндірдік? Сайқымазақ қайда жұмыс істейді?
Жарайсындар, сендер сайқымазаққа тамаша сыйлық дайындадындар.
Балаларды мадақтау.

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы.** Гүл

**Мақсаты.** Балалардың кол маторикасы дамыту.мақталы дискамен сурет салуды үйрету.Ұқыпты сурет салуға дағдыландыру.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбері.**

Амандасу.

Көзбен, баспен, қолмен, иықпен, аяқпен, кеудемен.

**Балалармен әңгімелесу.**

Қазір қандай жыл мезгілі?

-Көктем мезгілінде қандай мерекелер бар?

-Ең бірінші көктемгі мереке қандай?

Біз 8 Наурыз мерекесінде біз аналарымызға, әжелерімізге, апайларымызға не сыйлаймыз?

Балалардың жауаптары.

**Тосын сәт.**

Азамат қуыршақ келеді.

Балалармен амандасады.

Балалардан анасына ,әжесіне сыйлыққа гүл жасап берулерін өтінеді. Балалар көмектесеміз ба?

**Ой дамыту.**

Гүлдер туралы түсінік беру.

**АКТ технологиясы.**

Слайд.дала гүлдері. Бөлме гүлдері.

Гүлдер.

2-топқа бөлініп гүлдің суретін салып берейік.

**Гүлдер арқылы топқа бөлу.**

1-Топ . Түймедақ гүлі.

2-Топ. Роза гүлі.

Ендеше үлгіге қарап гүлдің суреттерін салайық.

Сурет салу әдісі:

1-топ Мақталы дискамен сурет салу.

2- топ .Шырын бутулкасының көмегі арқылы гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру арқылы сурет салу.

Әрбір бейнеленген гүлдің суретіне мақталы таяқшамен сабағын суреттеу.

**Сергіту сәті:**

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,

Қызыл гүлдер, көк гүлдер.
Өсе берші ырғалып,
Өсе берші нұрланып.
**Балалардың жұмысын бақылау**
Жеке көмек көрсету.
**Дидактикалық ойыны.** «Түсі қандай?»
Балаларға түрлі-түсті гүлдерді көрсетіп, түстерін сұрау.
**Қорытынды.**
Балалардың жұмысын қорытындылау.
Азамат қуыршақ разы болып, гүлдерді қабыл алады.
Балалар Азамат қуыршақпен қошатсады.
Балалар, қонаққа  кім келді?
- Сендер қандай гүлдердің түрлерімен таныс болдыңдар?
Ненің суреті салдыңдар?
Немен сурет салдыңдар?
Балалардың жауаптары.
Барлық балаларға жақсы әсер қалдыру үшін қағаздан жасалған көбелектерді сыйлық ретінде таратып беру және мадақтау.

**Өнерлі екен он саусақ**
**Тақырыбы.** Гүлдер. Қағаздан біріктіру
**Мақсаты.**Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру
**Оқу қызметінің барысы:**
Балалардан жыл мезгілін сұрау**.**
**Шаттық шеңбер.**
Армысың асыл күн,
Армысың ашық аспан,Армысың достарым,
Сендерді көрсем қуанам.

Балалар бізде қазір қай жыл мезгілі?
-Далада қандай өзгеріс болып жатыр?
-Ағаштар қалай өзгеруде?
Балалардың жауаптары
**Ой қозғау.**
Жұмбақ жасыру.
Су құйсаң болды
Кетеді бойлап
Әдемі жұпар.
Не? Көрші ойлап?!
(Гүл)
**Суретпен жұмыс**
Дала гүлдері (раушан қызғалдақ, түймедақ, бақбақ, қоңырау)
**Ой қозғау.**
**Сұрақ қою.**
Гүлдердің бізге қандай пайдасы бар?
**Тосын сәт.**
**Көбелек ұшып келеді.**
Балалардан көмек сұрайды.
Көбелек:Сендер менің алаңыма қош келдіңдер, бірақ қараңдаршы менің алаңынымда гүлдер жоқ?
Балалар көбелекке көмектесіп гүлдер жасап берейік.
**Топқа бөлу.**
1-топ
Қызғалдақ гүлін жасайды.


2-топ .
Роза гүлін жасайды.

**Сергіту сәті.**
Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Оларды атап шақырар,
Әрқайсысының аты бар.
Бас бармақ,
Балаң үйрек,
Ортан терек,
Шылдыр шүмек,
Кішкене бөбек.
Балалардың жұмысын бақылау.
Жеке көмек көрсету.
**Қорытынды.**
Балалардың жұмысын қорытындылау.
**Галерия шаралау әдісі.**
Бір бірірінң жұмыстарын бас бармақ әдісі арқылы бағалайды.
Көбелек қуанып рахмет айтып гүлдерді алып ұшып кетеді.
-Сонымен, балалар бүгін не жасауды үйрендік?
-Сендерге ұнады ма?
Мадақтау.

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы.**Алма

**Мақсаты.** Қағазды бүктеу арқылы алма жасауды үйрету.Бүктеген жерге ұқыпты желім жағуды үйрету.Тазалыққы тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер**

Кел,балалар,күлейік!
Күлкіменен түлейік!
Қабақ түйген не керек!
Көңілді болып жүрейік!

**Миға шабул**

**Жұмбақ жасыру.**

Әрі қызыл ,әрі тәтті
Татқан жанды таңырқап
Балалардың жауаптары.

**Суртпен жұмыс.**

Балалар сендер қалай ойлайсыңдар алма қайда өседі?
Алма көкөніс пе әлде жеміс пе?
-Балалар алманың түсі қандай болады?
-Пішіні қандай?
-Алма қай мезгілде піседі?

**Тосын сәт.**

**Кірпі келеді.**

Балалардан көмек сұрайды.
Үйіне қонақ келе жатырған алма керек екенін айтады.
Балаларды топқа бөлу.
1-топ.
Шаршының бұрыштарын қиып,дөңгелек шығарып қағазға желімдейді.
2-топ.
Жырту тәсілі арқылы алманы жапсырады.



**Сергіту сәті.**

Жалғыз саусақ тіпті де
Ұстай алмас жіпті де.
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ:
Қала салсақ, жол салсақ.
Балалардың жұмысын бақылау.
Жеке көмек жүргізу.
Қорытынды.
Балалардың жұмысын қорытындылау.
**Галерия шарлау әдісі.**
Кірпі балалардың жасаған жұмыстарына қуанып рахмет айтып қоштасады.
**Сұрақтар ілмегі арқылы қорытынды жасау.**
Қонаққа не келді?
Кірпіге не жасап бердік?
Мадақтау.
**Сергіту сәті:**
Оңға, оңға түзу тұр,
Солға, солға түзу тұр.
Алға қарай бір адым,
Жоғары, төмен қарайық,
Орнымызды табайық.

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы**.Күннің көзі

**Мақсаты.** Сары түсті қағазды «Түйіршіктеу» әдісі арқылы жасау.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер:**

**Балалармен әңгімелесу.**

Балалар, көңіл күйіміз қандай?

-Балалар бір сәт айналамызға қарап өзімізді таза ауада тұрғандай сезінейікші.

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қарайықшы айналамыз қандай?

-Осындай гүлдердің, талдардың көрікті болып өсуіне не қажет деп ойлайсыңдар?

Балалардың жауаптары.

**Миға шабул.**

**Жұмбақ жасыру.**

Таңмен көзін ашады,

Әлемге нұрын шашады.

**Ой қозғау.**

-Балалар, ол не екен?

-Дұрыс айтасындар, балалар.

-Балалар күн неге ұқсайды?

-Күннің түсі, пішіні қандай?

-Балалар серуенге шыққанда біз жоғарыдан күнді көріп жүрміз.

- Күнді көргенде қалай қуанамыз?

**Тосын сәт.**

**Күн келеді.**

Ой, балалар, қараңдаршы бірақ біздің күніміз көңілсіз сияқты. Сендер күннің күлімдеуіне көмектесесіңдер ме?

**Күннің суретін салудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.**

Қағазды түйіршектеу әдісі арқылы күннің суретін салады.

Балалардың жұмысын бақылау.

Жеке көмек көрстеу.

**Дидактикалық ойыны. «Күн мен жаңбыр»**

Қорытынды.

Көрме ұйымдастыру.

Балалардың жұмысын бағалау,мадақтау.

**Өнерлі екен он саусақ**
**Тақырыбы**.Ыдыстағы гүл
**Мақсаты.**Алақанның таңбасын салуды үйрету және белгілі бір образға дейін сурет салу.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Шаттық шеңбері.**
**«Менің көңіл - күйім қандай?»** Бала өз көңіл-күйіне сәйкес келетін смайлик суретін тауып (көңілді,көңілсіз,ренжулі) айтады.Сол кездердегі көңіл-күйін баяндайды.
**Тосын сәт.**
Айсұлу қуыршақ қонаққа келеді.
Анасының туған күніне сыйлық жасап беруді өтінеді.
**Сұрақ жауап.**
Балалар анамызға не сыйлауға болады?
Не сыйлар едіңдер?
Балалардың жауаптары.
Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.
**Сергіту сәті.**
Гүл болып өсеміз
Гүл болып ашыламыз
Гүл болып жайқаламыз
Гүл болып жабыламыз
**Топқа бөлу.**
1-топ. Қағаздың ортасына кесілген картоппен гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру арқылы сурет салу.
2-топ. Шырын бутулкасының көмегі арқылы гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру арқылы сурет салу.
Әрбір бейнеленген гүлдің суретіне мақталы таяқшамен сабағын суреттейді.
Губкамен жапырақтың ізін қалдырады.
Балалардың жұмыстарын бақылау.
Жеке көмек көрсету.
**Дидактикалық ойыны.** «Түсі қандай?»
Балаларға түрлі-түсті гүлдерді көрсетіп, түстерін сұрау.
**Қорытынды.**
Балалардың жұмыстарын қорытындылау.
Көрме ұйымджастыру.
Жасаған гүлдерін Айгүл қуыршаққа сыйлау.
Айгүл рахмет айтып қоштасады.

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы.**Құстарға арналған үйшік

**Мақсаты**.Қаттықағаздан үйшік жасау.Ұжыммен жұмыс.

**Суретпен жұмыс**

Тақтаға көктем мезгіліне байланысты суретті іліп, сұрақтар қояды:

-Қазір қандай жыл мезгілі?

-Көктемнің  қандай белгілерін білесіңдер?

-Ауа райы қандай болады көктемде?

**Ойын:«Құстар сияқты ұшайық»**

Балалар қызығушылықпен ойнайды.

**Тосын сәт.**

Торғай ұшып келеді

балалардан үйшік жасап беруін айтады.

Балалар көмектесемәз ба?

**Ой дамыту.**

-Мынау не?

-Үйшік не үшін керек?

Балалардың жауаптарын толықтыру:

-Құстарда ұя болу керек.үйшік оларды жаңбырдан,қатты желден қорғайды.

**Үлгі көрсету.**

Балалардың алдын ала дайындалған ұяның макетін көрсету.

Жасалу жолын түсіндіріп ,бірге жасатады:

Қағаздың шетін цилиндр ге ұқсатып орап,желімдейміз;

Қағаздан конусқа ұқсас пішін қиып ,цилиндрдің үстіне

бекітеміз,фломастермен құстар кіретін үйшіктің аузын дөңгелетіп сызамыз.

**Сергіту сәті:**

Қарлығашқа ұқсайық,

Қане, қанат жазайық.

Қарлығаш боп ұшайық,

Ұшып-ұшып қонайық

Балалар жұмыстырын жалғастырады.

Бақылау.

Жеке көмек көрсету.

**Қорытынды:**

**Дидактиклық ойын:** «Құстар қалай дыбыстайды?»

Қарға ......

Торғай .......

Көгершіш .....

Қарлығаш ......

Торғай көп үйшікті көріп қуанады.
Балалар жасаған ұяларын торғайға береді.
Торғай балалармен қоштасады.
-Балалар бүгін біз не жасадық?
- Жарайсыңдар, балалар! Балаларды мақтап, мадақтап, оқу қызметін қорытындылау

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы**.Ара

**Мақсаты**.Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Желімен ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.

**Оқу қызметінің барысы:**

Ал, балалар , ойнайық.
Ойнайық та ойлайық.
Қандай жұмбақ болса да,
Шешпей оны коймайық.

**Жұмбақ жасыру.**

\Гүлдерге қонады
Шырынын сорады
Түр – түсі сары – ала
Бұл не?

Балалардың жауаптары.

**Ой қозғау.**

Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, әлде зиянды жәндік пе?
Басқа тағы қандай жәндіктерді білесіңдер?

**Тосын сәт.**

Ара ұшып келеді.
Балалардан көмек сұрайды.
Достарым жоқ,маған достар керек дейді.
балалар көмектесеміз ба?

**2-топқа бөлу.**

1-топ дайын үлгідегі араны қиып жапсыраады.



2-топ.дөңгелек картоннан ара жапсырады.



**Сергіту сәті:**

Оңға, оңға түзу тұр,
Солға, солға түзу тұр.
Алға қарай бір адым,
Жоғары, төмен қарайық,

Орнымызды табайық.
Балалардың жұмыстарын бақылау.
Жеке көмек көрсету.

**Қорытынды.**

Балалардың жасаған жұмыстарын қорытындылау.
Галерия шарлау әдісі.
Екі топ  бі-бірінің жұмыстарына баға береді..
Ара қуанып балаларға рахмет айтып коштасады.
Балаларды мадақтау.

**Өнерлі екен он саусақ**
**Тақырыбы**.Зымыран
**Мақсаты.**Оригами әдісі арқылы зымыран жасап қатты көгілдір түске жапсыру.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Балалармен әңгімелесу.**
**Сұрақ жауап.**
Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?
Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар.
Ол – ғарышкерлер күні деп аталады.
**- Суретпен жұмыс.**
Суретте кімдер бейнеленген?
Ғарышқа кімдер ұшады?
Ғарышқа немен ұшады?
Айтыңдаршы зымыранның қандай бөліктері бар?
Оның пішін қандай?
Зымыранның жоғарғы төбесі қандай пішінге ұқсайды?
Қанаттары қандай пішінге ұқсайды?
Балалардың жауаптары.
**Сергіту сәті:**
«Қане қанат жазайық,
Зымыран боп, ұшайық.
Ай бетінде болайық,
Қайта жерге қонайық.
**2 топқа бөлу.**
**1-топ** түрлі түсті қағаздан қиып зымыран жапсырады.
**2-топ** түрлі –түсті қатты қағаздан құрастыру.
Балалардың жұмысын бақылау.
Жеке көмек көрсету.
Қорытынды.
Галерия шаралау әдісі.
Балаларды мадақтау

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы**. Достық ғаламшары

**Мақсаты.** Саусақ моторикасын дамыту, балаларды саусақпен жұмыс жасауды үйрету.

**Қызығушылылықтарын арттыру.**

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбері.**

Ортақ мекен жер шары,
Төбемізде бір аспан.
Барлық ұлттың баласы,
Достығымыз жарасқан.
Тату болсын еліміз,
Бүтін болсын жеріміз.
Бір шаңырақ астына,
Жиналайық, келіңіз! (өлеңге сәйкес қимылдар жасайды)

Балалар біздің ұлтымыз қандай?
Біз қай тілде сөйлесеміз?
Қазақстанда қандай өзге ұлт өкілдері бар?

**Дидактикалық ойыны «Ұлттық киімді ата!»**

Мынау не?
Көйлектің түсі қандай?
Ал, мынау не?
Бас киімді не депатаймыз
Айтыңдаршы, камзол мен бөріктіңтүсіқандай?
Ал, аяғында не?
Сендерқандайою-өрнектердібілесіңдер?
Балаларды мадақтау.

**Ұжымдық жұмыс.**

**Алақанмен сурет салады.**

**Сергіту сәті:**

Кел, балалар, тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық.
Шаңырақты көтеріп,
Керегені құрайық.
Уықтарша иіліп,
Шаңыраққа қосылып,
Қазақы үйді құрайық.

Жұмысымызды жалғастырайық. Балалардың өзіндік жұмыстары.
Жеке жұмыс балаларға көмектесу.

**Қорытынды.**

Балаларды мадақтау.
Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы.**Көбелек

**Мақсаты.**Дәстүрден тыс әдіспен көбелектерді салуды үйрету. Салу, елестету қабілеттері мен бақылай білу дағдыларын бекіту Саусақпен жұмыс істеу тәртібімен қолдана білуге, қол-саусақ қимылдарын қалыптастыру.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Тақпақ оқу.**

Көбелек - ау көбелек,
Әдемісің керемет.
Гүлге келіп қона ғой,
Өзіңде гүл бола ғой.

**Ой қозғау.**

Тақпақ не туралы?

Көбелектердің түстері қандай болады?

**Тақтадағы суретпен жұмыс.**

Әр түрлі көбелектерді тамашалау.

**Балаларды шығармашылық орталығына шақыру:**

Балаларды 2 топқа бөлу.

**1-топқа** көбелекті түрлі-түсті манка жармасын қолдану арқылы бояу,

**2- топқа**Көбелектің бір жақ қанатын бояп, форматтың екінші бетін беттестіру арқылы көбелектің суретін салу.

**Сергіту сәті:**

Таңертең көбелек
оянды, тартылды
қанаттарын бұлғады
терең тыныс алды,
Азғана айналып,
барлығына күліп,
қайта гүліне оралды.

**Балалардың өз бетінше жұмыстары.**

Балалардың жұмысын бақылау.

Балаларға жекеше көмек көрсету.

**Дидактикалық ойын:** Көбелектің қанатын дәл тап.

**Мақсаты:** Түстерді ажырата білуге, салыстыра білуге үйрету.

**Қорытынды.**

Балалардың жұмысын қорытындылау.

Ашық сұрақтар қою.

Не туралы әңімелестік? Көбелектің қандай түрлері болады екен?

Балалардың жауабын тыңдап, оқу қызметін қорытындылау,мадақтау.

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы.**Анаға арналған раушан гүлі.

**Мақсаты.** «Бұрмалау, орау» әдісі арқылы түрлі түсті қағаздан жасау.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер** .

**Суретпен жұмыс:**

Балалар суреттен не көріп тұрсыңдар?

Бұл гүлдер қай жерде өсетін гүлдер?

-қай жыл мезгілінде гүлдер өседі?

МынауРаушангүлі депаталады.

Барлықгүлдердіңпатшасы, сұлулық пен әсемдікбелгісі.

Гүлдерді қай мейрамдарда кімге сыйлаймыз?

Балалардың жауаптары.

**Гүлдің құрлысымен танысайық.**




**Дидактикалық ойын:**

«Өздерің білетін гүлдерді ата»

Тосын сәт.

Айгүл келеді.

Балаларға анасының туған күніне раушан гүлін жасап беруге көмек сұрайды.

Балалар көмектесеміз бе?

**Үлгі көрсету, түсіндіру.**

Көрсетілген үлгі бойынша өз шамалары келгенше гүлді жасайды.

Балалардың жұмысын бақыла.

Жеке көмек көрсету.

**Сергіту сәті:**

Біз гүлдерше өсеміз

Жапырағы жайқалған

Сабақтары салалы

Желге ырғалып шайқалған

**Қорытынды.**

Балалардың жұмысын қорытындылау.

Көрме ұйымдастыру.

Жасаған жұмыстарын мадақтау.

Гүл шоқтарын Айгүлге беру.

Айгүл қуанып рахмет айтып қоштасады.Мадақтау.

**Өнерлі екен он саусақ**

**Тақырыбы.**Түлкі

**Мақсаты**. Дайын үлгідегі түлкіні қатты қағаздан конус жасап, жапсыру.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Миға шабул.**

**Жұмбақ жасыру.**

Өзі қу,
Жүрген жері айқай-шу. (Түлкі)

**Суретпен жұмыс.**

«Түлкі»

Түлкі туралы сұрақ жауап

Тосын сәт.

Түлкі келеді.

Балалармен амандасады.

Көңілсіз.

Орманда жалғыз қалған.Көп дос керек екенін айтады.

Балалар түлкіге көмектесеміз бе?

**Топқа бөлу.**

**1-топ** түлкіні конус жасау арқылы жапсырады.



**2-топ** түлкіні гиометриялық пішіндерден қиып жапсырады.



**Сергіту сәті**

Біз орманға барайық,
Жан-жағымызға қарайық.
Аю шықты қорбаңдап.
Қасқыр шықты ырылдап
Түлкі шықты майысып
Қоян шықты секіріп
Қорықпаңдар, балалар,
Қарап-қарап алыңдар.

Балалар жұмыс жасауға кіріседі.

Жұмыстарын бақылау.

Жеке көмек көрсету.

**Қорытынды.**

Балалардың жұмысын қорытындылау.

Галерия шарлау әдісі.

Бас бармақ әдісі арқылы бір бірін бағалайды.

Көрме ұйымдастыру.

Түлкі достары коп болғанына қуанып рахмет айтып қоштасады.

Балаларды мадақтау.

**ЖШС «Наурызбай» бөбекжай балабақшасы**

Бекітемін:__________

ЖШС «Наурызбай» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: Б.Н. Елжанов

# Ересек «Болашақ» тобының

# 2021-2022 оқу жылына

# Вариативті компонент

# Тапқыштар

Тәрбиеші: Туткабаева Ж

2021-2022жж

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Саны |
|---|---|---|---|
| 1 | 3 цифры және 4саны мен цифры. | 3және 4сандарымен, 3және 4 цифрларымен таныстыру,цифр мен заттар саны сәйкестендіру үйрету,заттарды санау дағдыларын жетілдіру.3және 4цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету,зейін мен логикалық ойлауды дамыту | 1 |
| 2 | Пішіндер сыры | Геометриялық пішіндерді ажырата отырып,логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмаларға деген қызығушылықтарын арттыру | 1 |
| 3 | Қағаз бетінде бағдарлау | Қағаз бетінде бағдарлау,жоғары төмен ортасы,оң жақ,сол жақ.балаларды кеңістікті қарым-қатынастарды орнатуға үйрету.жоғары –төмен оң жақ сол жақ ортасында арасында. Есте сақтау,назар аудару дағдыларын дамыту. | 1 |
| 4 | Не қайда орналасқан? | Заттарды орындары бойынша салыстыра отырып, табуға үйрету. Оң жақта-сол жақта ұғымдарын пысықтау | 1 |
| 5 | Уақыт арқылы бағдарлау | Тәулік мезгілдерімен таныстыру. Бүгін, ертең, бүрсігүні, кеше, арғы күні ұғымдарымен таныстыру. | 1 |
| 6 | Тапқыштар | Тәулік мезгілдерімен таныстыру. Бүгін, ертең, бүрсігүні, кеше, арғы күні ұғымдарымен таныстыру. | 1 |
| 7 | Бүтін және бөлек | «бүтін және бөлік»терминдерін енгізу,бөліктерде бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. | 1 |
| 8 | Жүзден жүйрік | Сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зиінін тұрақтандыру. | 1 |
| 9 | Бос орынға тиісіті суреттерді қой | Зейінін, еске сақтау, байкағыштык, киялдау, танымдық іс-эрекетгерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу. | 1 |
| 10 | Логикалық тапсырма | Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық , есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-түсін,пішінін,сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру. | 1 |
| 11 | Оң мен солды ажырату | Жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 12 | Не неге ұқсайды. | Геометриялық денелердің аттауларымен таныстыру заттардың белгілері.қоршаған орта заттарының нысаны туралы ұғымын қалыптастыру. | 1 |
| 13 | Бауырсақтың тапсырмалары | Сандар , пішіндер туралы білімдерін пысықтау.Ойын, зейінін дамыту. | 1 |
| 14 | Сыр сандық | Балаларға әртүрлі тапсырмаларды орындай білуге үйрету.Балалардың қызығушылықтарын,есте сақтау қабілеттерін,логикалық аттыру.Әрбір берілген тапсырмаларды тиянақты орындай білуге үйрету | 1 |
| 15 | Заттардың қасиеті | Заттардың жеке қасиеттерін анықтау. Неден жасалғаны, түсі, пішіні, көлемі туралы түсінік беру. | 1 |
| 16 | Пішіндер неге ұқсайды? | Қоршаған орта заттарының нысаны туралы ұғым қалыптастыру. Қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға, салыстыруға үйрету | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17 | Сиқырлы таяқшалар | Балалардың ойлау қабілеттерін, есте сақтау жетілдіру. Ой-өрісін дамыту. Достарына жұмыс уақытында көмек ете білуге тәрбиелеу | 1 |
| 18 | Мозайка құрастыру | Балалардың ойлау қабілеттерін, есте сақтау жетілдіру. ой-өрісін дамыту. | 1 |
| 19 | Қайсысы көп, қайсысы аз? | Заттарды санына қарай салыстыру арқылы көп-аз, сон¬ша ұғымдарымен таныстыру. Теңестірудің екі жолын практикалық жолмен меңгерту. | 1 |
| 20 | Жыл мезгілдері. | Айлардың атауларымен және олардың реттілігімен таныстыру.жыл мезгілдерімен айлардың атауларын рет-ретімен атауға үйрету.<br>зейінді,жадты,<br>сөйлеу дағдысын дамыту. | 1 |
| 21 | Өткен материалды пысықтау | Өткен материалды пысықтау<br>1-ден 5дейінгі сандар.Тура және кері санау.Қарапайым мысалдар мен есептер шығару. | 1 |

**Тапқыштар**

**Тақырыбы**. 3  цифры және 4саны мен цифры.
**Мақсаты**.3және 4сандарымен, 3және 4 цифрларымен таныстыру,цифр мен заттар саны сәйкестендіру үйрету,заттарды санау  дағдыларын жетілдіру.3және 4цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету,зейін мен логикалық ойлауды дамыту
**Оқу қызметінің барысы.**
**Ұйымдастыру   кезеңі.**
Балалар, қазір бізде қандай жыл мезгілі?
Қыс мезгілінде неше ай бар?
Қызығушылықтарын ояту.
Топқа Буратино келеді.
Буратино: Менің көңіл-күйім түсіп қалды, себебі мен мына шарларды ұстап аламын дегенде, қолымдағы кілтімді түсіріп, жоғалтып алдым. Ол кілт жәй кілт емес, сиқырлы алтын кілт. Кілтімді табуға көмектесеіңдер ме?
Буратинаның алтын кілтін іздеу үшін « Сиқырлы ғажайып білім әлеміне» саяхатқа шығайық. Саяхатқа немен шығуға болады?
Балалардың жауаптары
Саяхатқа поезбен аттанайық.
Поезд орнынан қозғалу үшін 5-ге дейін тура және кері санауымыз керек.
Математика
**1-тапсырма**
шарларға назар аударайықшы. Менің бір қолымда қандай түсті шар тұр? Ал, екінші қолымда қандай түсті шар тұр?
Менің қолымда барлығы неше шар?
Балаларды мадақтау
**2-тапсырма**
«Кім біледі сол әрі қарай санайды» деген ойын ойын.
Мен сендерге бір сан айтамын ,ал сендер әрі қарай санайсыңдар.
**Сергіту  сәті.**
Тербеледі ағаштар
Алдымнан жел еседі
Кіп-кішкентай ағаштар
Үп-үлкен боп өседі.
3-4 сандарымен таныстыру.
Тақтамен жұмыс:
Тақтадағы суреттер бойынша заттың атын атап, санау.
4балық, 3 күшік, 4 доп, 4қоян

**3-тапсырма**
**Сәйкесін тап" ойыны**
Үлестірмелі қағаздағы суреттерді цифрмен сәйкестендіру.(3-4 сандары)
**4-тапсырма.**
**«Неге ұқсайды» ойынын ойнау.**
Топта геометриялық пішіндерге ұқсайтынын заттарды атау.
**Қорытынды.**
Балалар тапсырманы орындап Буратино кілтін табады.
Буратино қуанып балаларға рахмет айтады.
Балабақшаға оралу.
Буратино балалармен қоштасады.
Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.
Мадақтау.

## Тапқыштар

**Тақырыбы** . Пішіндер сыры
Мақсаты .Геометриялық пішіндерді ажырата отырып,логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмаларға деген қызығушылықтарын арттыру
**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**
**Ұйымдастыру кезеңі.**
**Шаттық шеңбер.**
Сәлем деймін күнге мен, Сәлем деймін мен саған, Сәлем дейміз апайға,
Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Балалар тақтаға назар аударады,нені көріп тұрсыңдар?
Мнемотехника қыс мезгілі.
**Тосын сәт.**
Күлдірген келеді.
Балалармен амандасады. Күлдірген: Балалар маған сендердің көмектерің керек болып тұр.Сендер маған көмектесесіндер ме?
Мен түстерді білмеймін.
Көмектесіп,үйретеміз бе балалар!
Дидактикалық ойын: Бұл қандай пішіндер.
**Ой дамыту.**
Пішіндер туралы түсінік беру.
Үлестірмелі материалдармен жұмыс.
Балалар қараңдаршы сендердің үстелдің үстінде нені көріп тұрсындер?
Жай пішіндер емес,олар сиқирлы пішіндер.Осы пішіндер бір біріне ұқсайма?
Түстеріне,пішіндеріне қарай 3 топқа бөлу.
**1-топ қызыл үшбұрыш**
**2-топ сары төртбұрыш**
**3-топ көк дөңгелек.**
Әр топқа тапсырма беру.
**1-топқа тапсырма.**
Алдарыңда жатқан тапсырмаларды қараймыз.Ненің суретің көріп тұрсындер? Түстеріне,пішініне қарай осы суреттерді құрастырасыңдар.
**2- топқа тапсырма.**
Балалар,мен сендерге бір қызық ертегіні оқып беремін.
Бұл ертегі осы сыйқырлы
пішіндерге байланысты.
Мен сендер қандай пішіндерді айттым . Сол пішіндерді көрсетесіңдер.
Мұқият тындаймыз.
Ерте,ерте, ертеде қызыл түсті төрт бұрыш өмір сүріпті.Оның достары болмапты.Ол бір күні ойнап жүргенде сары үш бұрышпен танысады,екеуі бірге көк дөнгелеке қонаққа барады.Олар үшеуі қызыл төрт бұрыш,сары үш

бұрыш,көк дөнгелек дос болады.Сонымен бұл нртегіде қандай пішіндер дос болыпты?

**Ой қозғау.**

Ертегіде қандай пішіндер дос болыпты

**3-топқа тапсырма.**

Пішіндерден үй құрастыру.

Ой қозғау.

Қандай пішіндерден үй құрастырдыңдар?

**Сергіту сәті:**

Жаттығу жасаймыз!

Бір деп-тік тұрамыз.

Екі деп-екі рет айналамыз.

Үш деп-үш рет секіріп.

Төрт дегенде-отырамыз.

**Қорытынды.**

бағдаршам үш түспен қорыту

Кімге ұнаса жасыл дөнгелекті көрсетеді, кім түсінбесе сары түсті көрсетеді,ал ұнамаса қызыл түсті дөнгелекті көрсетесіңдер.

.Балаларды бағалау,

жұлдызша тарату.

## Тапқыштар

**Тақырыбы.** Қағаз бетінде бағдарлау.

**Мақсаты.**Қағаз бетінде бағдарлау,жоғары төмен ортасы,оң жақ,сол жақ.балаларды кеңістікті қарым-қатынастарды орнатуға үйрету.жоғары – төмен оң жақ сол жақ ортасында арасында. Есте сақтау,назар аудару дағдыларын дамыту.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

**Шаттық шеңбер.**

Жарқырап күнде ашылды,
Айналаға гүл шашылды
Қайырлы күн!
Біз нәзік қыздармыз!
Қайырлы күн!
Біз ержүрек ұлдармыз!
Қызығушылықтарын ояту.

**Тосын сәт:**

Қонаққа кірпі келеді, балалармен амандасады,балалардан көмек сұрайды.
Кірпі: балалар маған көмектесіңдерші, менің қолымда қағаз бар,ол қағазда былай деп жазылған."
Қағаздың жоғары жағына үш алманың,төменгі жағына екі алманың суретін сал, оң жағына алмұрттың, ортасына шиенің суретін сал."-делінген.
Ал мен қағаздың бетін бағдарлай алмаймын.
Маған көмектесесіңдер ма?

**Ой дамыту.**

**Суреттер көрсету.**

Суретке қарап заттардың орналасуын ( жоғарыда, төменде) көрсетіп айтып беру.
Кірпінің тапсырмасын орындау.
Үлестірмелі материалдармен жұмыс.
Алдарыңда тұрған ақ параққа сурет саламыз жоғарғы жағына үш алманың суретін салайық,қағаздың төменгі жағына екі алманын суретін салайық.
Енді қағазға мұқият қараңдар шатыстырып алмаңдар. оң қолдарың қайда, дұрыс оң жаққа алмұрттың суретін салайық. ақ парақтың дәл ортасын көрсетіңдерші, (балалар ортасын көрсетеді) дұрыс сол жерге шиенің суретін саламыз. Жарайсыңдар
Балаларды мадақтау.

**Сергіту сәті:**

«Ұшақ» балалар аяқтарын алшақ қойып, қолдарын екі жаққа созып, оңға-солға бұрылады.

**Дидактикалық ойын.**

**« Жоғарыда-төменде»**

Балалар заттардың қайда орналасқандарын айтады.

**«Тез ойла» ойын.**

Шарты.Тақтадағы суретке қарап,өз орындарында тез орналастырып қою керек.

Тақтамен жұмыс:

Бұлт, күн, үй, шөптер, тал, қызғалдақты киіз үйдің сол жағына, көбелекті жоғары, күннің  көзін оң жаққа, шөптерді төмен жаққа орналастыру, т.б. қағаздан қырқылған суреттерді магнитпен тақтаға жапсыру.

**Қорытынды**

Кірпі: балалар сендерге көп рахмет, маған сендердің көп көмектерің тиді.Сау болыңдар. (балалар кірпімен қоштасады)

**Балаларды мадақтау.**

Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.

**Тапқыштар**
**Тақырыбы.** Не қайда орналасқан?
**Мақсаты.** Заттарды орындары бойынша салыстыра отырып, табуға үйрету. Оң жақта-сол жақта ұғымдарын пысықтау
**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**
**Ұйымдастыру кезеңі.**
**Қызығушылықтарын ояту.**
Орманнан хат келеді.
Ормандағы аңдарға көмек керек. Орманды кар басып қалған.Көмектесеміз ба?
Сиқырлы сөз айту.
Бір, екі, үш
Орманға қарай ұш!
Енді көзімізді ашайық
- Балалар бұл ненің дауысы?
Боранның дауысы.
Тапсырмаларын орындасақ ормандағы аңдарға көмектесе аламыз.
**1 - Тапсырма**
1) **Ойын «Жоғары-төмен»**
Заттардың қайда тұрғанын айтады.
2) **Сандарды тура кері сана**
**2 – тапсырма**
1) **Ойын: «Шапалақтау»**
1 рет шапалақтағанда солға қарай бір адым жасайды
2 рет шапалақтағанда оң жаққа қарай бір адым жасайды
2) **Ойын: «Қандай пішіндер?»**
**3-тапсырма**
Суретте берілген заттардың орналасқан жерін айт.
**4-тапсырма**
**Сергіту сәті**
Оңға қарай түзу тұр, Солға қарай түзу тұр. Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым.
Жоғары төмен қарайық Орнымызды табайық.
Тапсырмаларды орындау.
Орман аңдары балаларға рахмет айтады. Жолды қардан тазалағаны үшін.
Балабақшаға оралу.
Бір,екі,үш,
Балабақшаға қарай ұш!
**Қорытынды.**
Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.
Балаларды мадақтау

**Тапқыштар**
**Тақырыбы:** Уақыт арқылы бағдарлау
**Мақсаты :**
Тәулік мезгілдерімен таныстыру. Бүгін, ертең, бүрсігүні, кеше, арғы күні ұғымдарымен таныстыру.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Сұрақ-жауап**
Қазір жылдың қай мерзімі?
- Қандай ай?
- Бүгін аптаның қай күні?
**Қызығушылықтарын ояту.**
**Тосын сәт.**
Есік қағылып,  Білім ханшайымынан  хат келді.
Балалар сендерге Білім ханшайымы тапсырмалар жіберген, сендер орындай аласыңдар ма?
**1 - тапсырма**.
Жылдың төрт мезгілін ата?
Қазір жылдың қай мезгілі?
Бір аптада неше күн бар?
**2 тапсырма**
Санау. Тура және кері санау.
1, 2, 3, 4, 5.
5 4, 3, 2, 1.
**3-тапсырма:** Уақыт. Уақыт бойынша бағдарлау: таңертең, күндіз, кеш, түн.
**АКТ технологиясы**
Түсінік беру.
**Сергіту сәті.**
**"Күн мен түн»**
"күн"- дегенде қолдарымыз бен шапалақтаймыз,"түн"- дегенде ұйықтап қаламыз.
**4- тапсырма.** Балалар сендердің алдарыңда конверт бар, сол конвертті ашып ішіндегі күндіз жасалынатын жұмыстарды бөлек, түнде жасалынатын жұмысты бөлек орналастырамыз.
(Балалардың жұмысы)
**5- тапсырма. Логикалық ойындар**
1.Оң қолымда үш алма
Сол қолымда екі алма
Қосқанда барлығын
Болады неше алма?

2 Ағашқа қонды 4 торғай
2 торғай ұшып кетті
Ағашта неше торғай қалды?
Балаларды мадақтау.
**Қорытынды.**
Балалар сендер барлық тапсырмаларды жақсы орындадыңдар.
Біздің балалар түгел орындады деп Білім ханшайымына хат жазып, поштаға салып жіберейін.
Білім ханшайымыының сіздерге беріп жіберген сыйы бар екен соны тапсырайын.
Балаларды мадақтау.

**Тапқыштар**
**Тақырыбы.**Бүтін және бөлек
**Мақсаты.«**бүтін және бөлік»терминдерін енгізу,бөліктерде бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Шаттық шеңбер.**
Армысың алтын кун!
Армысың көк аспан!
Армысың жан досым!
Жылуыма жылу қос,
Міне ,менің қолым.
**Қызғушылықтарын ояту.**
Орманшы ата орманнан себетпен сәлемдеме беріп жіберген. Себетте тапсырмалар бар.
Балалардың зейінін себеттегі жемістерге аудару.
**1-тапсырма**. «Кім жылдам»
-Балалар мынау не?Осы алманы тең 2 бөлікке бөлу. Ортасынан бөлгенде неше бөлік болды?
Мадақтау.
Бүтін және бөлік туралы түсінік беру.



**2 тапсырма:**
Геометриялық фигуралар бойынша Үшбұрыш,төртбұрыш,дөңгелекшелерді ортасынан теңдей бөлу ,жартысын боя керекпіз.
Үлгі көрсету, түсіндіру.
**Сергіту сәті:**
«Бес саусақ»
Оң қолымда 5 саусақ
Сол қолымда 5 саусақ
Алақанды ашайық
Беске бесті қосайық
**3 тапсырма:**
«Кім зерек»
Балалар берілген нүктелер бойынша пішіндерді нүктелер арқылы қосуымыз керек.
Қарындашпен жұмыс
Балаларға сұрақ қою.

Мадақтау.

**Қорытынды.**

Балаларды мадақтау.

Орманшы атаңын себеттегі сыйлықты балаларға беру.

**Тапқыштар**
**Тақырыбы.** Жүзден жүйрік
**Мақсаты:** сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зиінін тұрақтандыру.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Шаттық шеңбер**
Қайырлы таң!
Ормандар мен далалар.
Қайырлы таң!
Достасқан бар балалар.
Қайырлы таң !
Біздің балабақшамыз.
Қайырлы таң!
Достарым !
**Қызығушылықтарын ояту.**
Балалар бүгін екі топқа бөлініп жарыс ұйымдастырамыз. «Жүзден жүйрік» деген ойын.
Ойын шарты: ойын барысында берілген тапсырмаларға дұрыс жауап берген топ қоржынына асық салып отырады. Ойын соңында қай топ көп асық жинаса, сол топ жеңімпаз болады.
**Пішіндер арқылы топқа бөлу.**
1-топ үшбұрыш тобы
2-топ төртбұрыш тобы.
**1-тапсырма**
**Сиқырлы кубик.**
Жыл мезгілдерін айту.
Мадақтау
**2- тапсырма.**
**1-топ үшбұрыш тобына тапсырма**
1-ден 5-ке дейін тура және кері санау
Екі тілде санау.
Мадақтау.
**2-топ төртбұрыш тобына тапсырма.**
Сандардың көршісін табу. «Жоғалған сан».
(1-ден 5-ке дейінсандарбойыншаретіментұрады.)
**3- тапсырма.**
**Логикалық есептер**
Қай топ тез жауап береді.

1. Дүкеннен анам  төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім.менде неше доп қалды?
2. Қоянда неше құлақ бар?
3.Қолда қанша саусақ бар?
4.Ағашта 5құс отыр, оның 2-уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?
5..Себетте 2 алма , табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма ?
6.Аспанда неше жұлдыз бар?
Мадақтау.

**Сергіту сәті.**

Орнымыздан тұрайық.
Белімізді жазайық.
Жоғары-төмен қарайық,
Оңға-солға, түзу тұр.
Бойымызға күш жинап,
Біз демалып қалайық.

**4-Тапсырма: «Сан қатары»**

2 топтан бір- бір бала тақтаға шығады, «адасқан вагондарды» ретімен орналастырады.

**Қорытынды.**

Балалар асықтарды өздері санап, қай топтың  асықтары көп екенін айтады.

Екі топтың қоржынындағы асықтарды санап жеңімпазды анықтау, балаларды мадақтау.

**Тапқыштар**

**Тақырыбы**.

Бос орынға тиісіті суреттерді қой

**Мақсаты**. Зейінін, еске сақтау, байкағыштық, киялдау, танымдық іс-эрекетгерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер.**

Қайырлы таң!

Ормандар мен далалар.

Қайырлы таң!

Достасқан бар балалар.

Қайырлы таң !

Біздің балабақшамыз.

Қайырлы таң!

Достарым!

**Қызығушылықтарын ояту.**

**Тосын сәт.**

Құртаққандар келеді.



Суреттегі әр құртақанды сипаттап беруді ұсыну

Балалардың жауаптары.

Құртақандардың тапсырмалары.

**1-Тапсырма.**

Ойын «Ғажайып қалта»

Геометриялық пішіндер салынған қалта болады, балалар сипап сезу арқылы пішіндерді атап айтып береді.

**2- тапсырма.**

**Жұмбақтар шешу**.

1) Ұйқымыздан тұрамыз, беті қолды жуамыз, балабақ шамызға келеміз. бұл қай кезде болады?(таңертен)

2) Біз тәртіпті боламыз, сабақты да оқимыз.Серуенге шығамыз, қыдырамыз ,бұл қай кезде болады?.(күндіз)

3) Күн батады қызарып, анамызды күтеміз.Бұл қай кезде болады ?(кеш)

4) Уйлерде шам қызарып, демалады әлем деп, әлдилеп ақ әжем ертегі оқиды. Бұл қай кезде болады (түн)

**3-тапсырма**

**«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»**

Шарты:Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.

**Сергіту сәтті:**

Ал,балалар тұрайық,
Алақанды ұрайық
Қолды белге қояйық,
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп
Белімізді жазайық
Жоғары төмен қарайық,

4-тапсырма.

Мұнда заттарға сәйкесті пішінді орналастыр.











**Қорытынды.**

Құртақандар балаларды мадақтайды. Балаларға жұлдызша беріп қоштасады. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

**Тапқыштар**

**Тақырыбы:** Логикалық тапсырма

**Мақсаты :**

Балалардың

логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық , есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-түсін,пішінін,сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру.

**Оқу қызметінің барысы:**

Балалардан жыл мезгілін сұрау.

**Сұрақ-жауап**

Балалар айтыңдаршы математика оқу қызметінде біз не істейміз?

Немен танысамыз?

Балалар қалай ойлайсыңдар дүниеде нені санауға болмайды?

(Жаңбыр тамшысын, жауған қарды, ағаш жапырақтарын, құм топырағын.)

Ал жыл мезгілдерінің айларын санаймыз ба?

Ендеше бір жылда неше ай бар?

Кәне төрт мезгілді атап беріндерші?

**Қызығушылықтарын ояту.**

**Тосын сәт.**

Почташы хат әкеледі. Хатта көптеген тапсырмалар болады. Оны көктем ханшайымы жіберген .

**1-тапсырма.**

Қызықты тапсырма.

1. Үйге кіргенде не ашылады...
2. Бәйшешек қай мезгілде гүлдейді...
3. Ұйықтаған кезде не көреміз...
4. Қандай ыдыстан ас ішуге болмайды...
5. Қандай тас өзенде болмайды...
6. Жабық көзбен не көруге болады.

**2 тапсырма.**

**Дидактикалық ойын:**

«Апта күндерін ата».

-Бір аптада неше күн бар?

-Атап беріндерші.

Балабақшаға неше күн барамыз?

Неше күн демаламыз?

Жақсы. Ал айтыңдаршы бүгін аптаның қай күні?

Ал кеше аптаның қай күні болды?

Ал ертең аптаның кай күні болады?

Жарайсыңдар!

**Сергіту сәті.**

Ал, балалар тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық.
Оңға,оңға түзу тұр!
Солға,солға түзу тұр!
Алға қарай бір адым,
Артқа қарай бір адым,
Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық.

**3 тапсырма.**

**«Ауызша есеп».**

Енді балалар есеп шығарайық. 1) Әсемде бар 5 кәмпит,
Әселде бар 2 кәмпит.
Қоссақ 5 пен 2-ні,
Қанша болар шешімі?
2) Кеше көл жағасында
Жиналды 4үйрек
3-і ұшып кетті неше үйрек?
**3)** Алма ағаш үстінде,
Он жағында 6 алма
Сол жағасында 4 алма
Алмаларды біз қоссақ
Нешеу болар барлығы?

**4 тапсырма.**

**«Көршісін тап».**

1,3,4,

Жарайсындар балалар!

**Қорытынды.**

Балалар көктем ханшайымының тапсырмаларын жақсы орындадыңдар.Жарайсыңдар!

Көктем ханшайымының сендерге деген сыйлығы бар екен.

Балаларға сыйлықты беріп мадақтау.

**Тапқыштар**

**Тақырыбы.**Оң мен солды ажырату

**Мақсаты.**Жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер.**

Қайырлы таң! Жер ана!
Қайырлы таң! Көк аспан!
Қайырлы таң! Алтын күн!

**Қызығушылықтарын ояту.**

**Тосын сәт.**

Хатшы хат пен қобдиша әкеледі.
Хатта Білім ханшайымының тапсырмалары бар.
Сол тапсырмаларды орындасақ қобдиша ашылады екен.

**Топтарға бөлу:**

Шаршы және тіктөртбұрыштар арқылы.

**І-топ Шаршы**

**ІІ- топ Тіктөртбұрыш.**

**1-тапсырма.**

**Тақтамен жұмыс.**

Балалар тақтадағы 1-ден -5 ке дейін сандарға байланысты
суреттер осы суреттегі заттар қанша болса жанына цифр қоямыз.
Әр топтан балалар тақтаға шығып орындайды.
Мадақтау.

**2-тапсырма.**

**«Оң мен солды ажырат»**

Оң мен сол қолдарын айыру керек. Көкеніс пен жеміс
осылардың қайсысы оң мен сол қолда екенін табу керек.
Мадақтау.

**Сергіту сәті.**

Аяқпенен топ-топ-топ,
Ақылменен хлоп-хлоп-хлоп,
Оң аяқ,сол аяқ,
Отырамыз, тұрамыз.

**3-тапсырма.**

Суретпен жұмыс.

**1-топ:Шаршы тобына**

Баланың оң қолындағы шарды бояу .

**ІІ-топ:Тіктөртбұрыш тобына**

Баланың сол қолындағы
жалаушаны бояу .
Әр топ берілген шарларды оң мен солды
ажыратып атау керек.
**4-тапсырма**
**Дидактикалық ойын:** Пішіндерді ата
Мақсаты: Балаларға пішіндерді көрсетіп  тез атауға үйрету.
Қай топ бірінші айтса сол топқа смайлк беру.
**Қорытынды.**
Балаларды мадақтау.
Білім ханшайымының сиқырлы қорапшасы ашылып ішінен сыйлық шығады.
Сыйлықты балаларға беру.
Сұрақ –жауап арқылы қорытындылау.
Оң қолдарыңды көтеріңдер?
Сол қолдарыңды көтеріңдер?
Қасықты, қаламды қай қолға ұстаймыз?
Мадақтау.

**Тапқыштар**
**Тақырыбы.** Не неге ұқсайды.
**Мақсаты:** Геометриялық денелердің аттауларымен таныстыру заттардың белгілері.қоршаған орта заттарының    нысаны туралы ұғымын қалыптастыру.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Шаттық шеңбер**
Амансың ба Жер ана!
Амансың ба Көк аспан!
Амансың ба Достарым!
Сендерді көрсем қуанам!
**Қызығушылықтарын ояту.**
**Тосын сәт.**
Музыка ойналады
-Балалар, міне керемет. Сендер не байқап тұрсыңдар. Мынау не?
-Балалар шарлардың түсі қандай?
Қызыл, сары, жасыл.
-Жарайсыңдар байқадыңдар ма бұл шарлар сиқырлы.
-Балалар шарлар қай жерде тұр?
-Біз оны қалай алсақ болады екен?
Мүмкін сиқырлы шарларға санамақ айтып көрсек қайтеді.
**Санамақ**
Бір дегенім бесік, шықтық одан өсіп.
Екі дегенім елім, далам туым көгім.
Үш дегенім үміт, үміт артар жігіт.
Төрт дегенім бақыт, бағалайтын уақыт.
**Музыка әуенімен шарлар төменге түседі.**
-Балалар сиқырлы шарлармен бірге тапсырма келген екен.
Тапсырмаларды орындаймыз ба?
**1-тапсырма.**
Мынау қандай пішін?
(дөңгелек)
-Дөңгелекке ұқсайтын заттарды атандаршы?
Балалар жауабы (
Доп не істейді?
Келесі пішін ол не?
(үшбұрыш)
Үшбұрышқа ұқсайтын заттарды атадаршы. (кеме, шатыр, жалау)

Кеме қайда жүзеді?
Келесі қандай пішін?
(төртбұрыш)
Осы пішінге ұқсайтын заттарды атау. (телидидар, есік, терезе)
Телидидардан не көресіңдер?
-Тамаша, сиқырлы шарлардың тапсырмасын жақсы орындадық.
**2-тапсырма.**
Ал, енді балалар мен сендерді үстел басына шақырамын. Сиқырлы шарлардың дайындаған ойыны бар екен.
**Ойын «Геометриялық пішінге қарай заттарды топтастыру»(пазла)**
Балалар тапсырманы орындайды.
**3-тапсырма.**
**«Кім тапқыр?»дидақтикалық ойыны.**
Балалар топ бөлмесінін ішінен
Пішіндерге ұқсас заттарды табу.
**Сергіту сәті.**
1 дегенде тұрайық,
2, 3, 4 - алақанды соғайық,
Оң жаққа бұрылып,
Сол жаққа бұрылып,
Бір отырып, бір тұрып,
Біз жүгіріп алайық.
5 дегенде асықпай,
Орнымызды табайық.
**4-тапсырма.**
**«Пішіндерді боя» дидактикалық ойыны:**
Шарты. Балалар  тақтадағы пішіндердің түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.
**5-тапсырма.**
**«Қандай пішін шықты?»**
**Шарты.** Таяқшалардан таныс пішіндерді құрастырады.
Балалар тапсырмаларды орындайды.
Мадақтау.
**Қорытынды..**
Сұрақ қоя отыры қортындылау.
Белсенді қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.
Балаларға жұлдызша беру.

**Тапқыштар**
**Тақырыбы**:
Бауырсақтың тапсырмалары
**Мақсаты**. сандар , пішіндер туралы білімдерін пысықтау.Ойын, зейінін дамыту.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Шаттық шеңбер.**
Дос болайық бәріміз
Жарасып тұр әніміз
Тыныштықты сақтаймыз
Атсын күліп таңымыз.
**Сұрақ – жауап .**
- Жылдың қай мезгілі?
- Көктем айларын атаймыз?
- Қазір қай ай?
- Бір аптада неше күн бар?
- Бүгін қай күн?
Балалардың жауаптары.
**Қызығушылықтарын ояту.**
**Бауырсақ келеді.**
Балаларға тапсырма әкеледі.
Балалар жапырақ түстері бойынша 3 топқа бөлініп отырады.
**1-топ жасыл түсті жапырақ тобына тапсырма.**
1-5ге дейін тура және кері санау.
**2-топ сары түсті жапырақ тобына тапсырма**.
.Әр-түрлі пішіндерден бейнелер құрастыру.
**3-топ қызыл түсті жапырақ тобына тапсырма.**
Мұнда заттарға сәйкесті пішінді орналастыр.



Балаларды мадақату.
**Сергіту сәті.**
Орнымыздан тұрамыз,
Алақанды ұрамыз.
Бір отырып, бір тұрып,
Тез шынығып шығамыз.
**Бауырсақтың сұрақтары.**
**«Кім тез айтады» ойын.**

1. Екі қоянда қанша құйрық бар?
2. Шеңберде неше бұрыш бар?
3. Таңертең балалар ұйықтайды?
4. Жазда қар жауады?
5. Үстелде неше аяқ бар?
6. Күндіз ай жарық шашады
7. санамақ білесіңдер ме?
8. 1-5ке дейін тура және кері санай аласыңдар ма?

**Қорытынды.**

Бауырсақ балаларды мадақтап сыйлыққа көңілді смайлктер береді.
Балаларды мадақтау.

**Тапқыштар**

**Тақырыбы.**Сыр сандық

**Мақсаты**.Балаларға әртүрлі тапсырмаларды орындай білуге үйрету.Балалардың қызығушылықтарын,есте сақтау қабілеттерін,логикалық аттыру.Әрбір берілген тапсырмаларды тиянақты орындай білуге үйрету

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбері.**

**Сұрақ жауап.**

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

– Көктем мезгілінде неше ай бар?

– Көктемде ауа райында қандай өзгерістер болады?

**Балалардың қызығушылықтарын ояту.**

Ой балалар, мұнда біреу сандықша тастап кетіпті. Кане сандықшаны ашып көрейікші. Сандықтың есігінде құлып тұр екен. Бізге оны ашу үшін не керек? (Құлыпты ашу үшін бізге кілт керек!)

Ашылмайды?

Не істейміз?

**Тосын сәт.**

Топқа Буратино кіреді.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар!

– Балалар бұл сандықты ашуға мен көмектесейін. Менің сиқырлы кілтімнің ашпайтын құлпы жоқ. Бірақ сендер алдымен менің сендерге дайындаған тапсырмаларымды орындасаңдар ғана сандықшаның құлпын ашып беремін.

– Балалар, біз Буратиноның дайындаған тапсырмаларын орындауға дайынбыз ба? (Әрине, дайынбыз).

Буратино: – Олай болса іске сәт.

**1-тапсырма. қызыл түсті конверт.**

1-ден 5-ге дейін тура ,кері сана.

Балалар тапсырманы орындайды.

**2 – тапсырма. көк түсті конверт.**

Геометриялық пішіндерді ажырат.

Балалар пішіндерді ажыратады.

Балалар біз Буратиноның бірінші тапсырмасын орындадық.

**3 – тапсырма.**

**сары түсті конверт.**

**Жұмбақ есеп.**

1.Саматта екі алма болды, ол бір алмасын досына берді. Неше алма өзінде қалды? 2.Ағашта төрт алмұрт,

Айман алып екеуін,

Қалдырған екен нешеуін? 3.Сәуле үйге дүкеннен апельсин, мандарин, алма , банан, жүзім сатып алды.
Санап шықшы неше жеміс алды?
4. 5 көжек орманға,
Бара жатыр қорбаңдап.
Бірі олардың шаршады,
Әрі қарай бармады.
Жауабын тез айт.
Қанша қонжық кетті орманға?
**Сергіту сәті:**
Бір дегенде-тік тұрамыз.
Екідегенде-екіретайналамыз.
Үшдегенде-үшретсекіреміз.
Төртдегенде-отырамыз.
**4 – тапсырма. Жасыл түсті конверт.**
**Ойын: «Түстерінсәйкестендір»**
Шарты: суреттегітүрлітүстіүйлергепішіндердітүстерінеқарайорналастыру.
Балалар пішіндерді түстерін ажырата отырып үйлерге орналастырады.
**Буратино:** – Жарайсыңдар балалар сендер менің дайындаған тапсырмаларымды дұрыс орындадыңдар. Енді мен өзінің сиқырлы кілтіммен сандықты ашып берейін.
Буратино сандықты ашады.
Сандықтың ішінен шыққан сыйлықты балаларға таратып беру
**Қорытынды.**
Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді?
– Біз қандай тапсырмалар орындадық?
– Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?
Балаларды оқу қызметі соңында мақтап, мадақтау.

**Тапқыштар**
**Тақырыбы.**Заттардың қасиеті
**Мақсаты.**Заттардың жеке қасиеттерін анықтау. Неден жасалғаны, түсі, пішіні, көлемі туралы түсінік беру.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Шаттық шеңбер.**
Бір шаңырақ астында,
Тату-тәтті тұрамыз.
Біргеішемізасты да.
Біргесайранқұрамыз,
Ортақболыпісіміз.
Еңбекдесетыңбаймыз.
**Тосын сәт.**
**Пошташы сиқырлы қорап әкеледі.**
**Бұл қорапты ашу үшін тапсырмаларды орындауымыз керек.**
**1-тапсырма.Санамақ айту.**
«Біздер үйде нешеуміз….»
**2-тапсырма.**
Көлемі әртүрлі түрлі түсті шеңберлер қойылады.
Барлығы неше шеңбер бар?
- Олардың ішінде нешеуі үлкен? Нешеу кіші?
Балалардың жауаптары.
Мадақтау.
**Сергіту сәті.**
Оңға бір қадам,
Солга бір қадам Айналып билейміз.
Алға бір қадам,
Артқа бір қадам Айналып билейміз.
**3-тапсырма.**
**Ой қозғау жаттығулары. Логикалық есептер.**
1. Қандай пішін жақсы домалайды?
2. Қандай геометриялық пішінде бәрі үшеуден?
3. Суға үш торғай қонды, бір торғай ұшып кетті суға неше торғай қонды? (суға торғай қона алмайды)
4. Әтеш қай кезде шақырады?
**Дидактикалық ойын: «Мынау қандай зат екенін тап!»**
Шарты: заттың атын, қасиетін, түсі мен пішінін, қолданылуын, неден жасалатынын т.б. айту.
**Қорытынды.**

**Дидактикалық  ойын арқылы қорытындылау.**

**«Ұзын, қысқа.»**

Шарты. Жіп ұзын дегенде қолды алға созу, жіп қысқа дегенде қолды жинау.

Сұрақ – жауап.

Балаларды  мадақтау.

**Тапқыштар**

**Тақырыбы.**Пішіндер неге ұқсайды?

**Мақсаты**.Қ оршаған орта заттарының нысаны туралы ұғым қалыптастыру. Қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға, салыстыруға үйрету

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**

**Қызығушылықтарын ояту.**

Балалар бізге дыбыстық хабарлама келіпті.

-Бұлкімненболдыекен а!

-Электрондыпочтаданашыпкөрейік.

(Электронды почта ашылады )

-Пішіндерпатшайымы:

-Сәлеметсіздерме, балалар!

-Мен пішіндерпатшайыммын.

Меніңсендергеберертапсырмаларым бар.

Сендердіңбілімдеріңді,ойұшқырлықтарыңдыбілейіндеп,

күлдіргеннентапсырмаларымды

беріпжіберемін. Жақсыорындаған

балаларғасыйлығым бар.

Сендергесәттіліктілеймін!

**1-тапсырма.**

1.Пішіндертуралыжұмбақтар.

Допқаөзіұқсайтын,

Ерекшебірпішін бар.

Атынонықатаңдар?

2.Төртбұрышы бар,

төртқабырғасы бар.

Бұлқайпішін?

3.Атына сай балалар,

Үш бұрыш, үш жағы бар.

Ол пішінді кім табар?

Балаларды мадақтау.

**2-тапсырма.**

Тура жәнекерісанау.

-Балаларбізсанапбілемізбе?

-Қане ,олайболсасанайықшы.

**Сергіту сәті.**

Бойдысергектіқұста,
Емінеркінтыныста.
Оңқолыңдысозалға
Қолұшынақарада
Үшбұрышсызауада
Солқолбосқатұрмасын
Шеңбержасаптынбасын.

**3-тапсырма.**
**Дидиактикалық ойыны**
«Қай пішінге ұқсайды»
Тақтаға алманың ,үтіктің , теледидардың суреттерін іліп олардың қай пішінге ұқсайтынын сызықпен қосу арқылы көрсетеді.
**4-тапсырма**
**«Кім тапқыр?»**
Балаларға логикалық тапсырмалар беріледі.
1. Табақта бір алма,
Қолымда екі алма.
Барлығын қосқанда,
Шығады неше алма? (3)
2. Үш алмұрттың біреуін,
Досың сұрап алады.
Айтшы сонда нешеуі,
Өз қолыңда қалады? (2)
3. Ақ балапан,
Сары балапан.
Шұбар балапан,
Қара балапан.
Барлығы неше балапан? (4)
4 Ағашта екі торғай бар еді, оның біреуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды? (1)
5. Құста неше тұмсық бар?(1)
6. Адамда неше көз бар?(2)
7. Үшбұрышта неше бұрыш бар?(3)
8. Қоянның неше құлағы бар?(2)
**Қорытынды.**
Жарайсыңдар, балалар!
Тапсырманы жақсы орындадыңдар.
Сендерге риза боладым.

Сендерге өмірде сәттілік тілеймін!
Балаларды мадақтау.
**Тапқыштар**
**Тақырыбы.**Сиқырлы таяқшалар
**Мақсаты**.Балалардың ойлау қабілеттерін, есте сақтау жетілдіру. Ой-өрісін дамыту. Достарына жұмыс уақытында көмек ете білуге тәрбиелеу
**Оқу қызметінің барысы:Көңіл –күй сыйлау**
Балалар кәне барлығымыз көңіл күйімізге байланысты мына смайликтерді алайық.
Балалар алып өз көңіл -күйлерін айтады.
**Тосын сәт.**
**Хат келеді.**
Хатты оқу.
Хатта сиқыршы сиқырлы таяқшасын жоғалтып алған. Сол сиқырлы таяқшаны табуға көмектесесіңдер дейді.
Көмектесеміз ба?
Ой дамыту.
Сиқырлы таяқшаны қайдан іздейміз?
Балалардың жауаптары.
Жарайды орманнан іздеп көрейік.
**Орманға саяхат.**
**Аюдың тапсырмасы.**
Балалар Аю бізді орманға кіргізгісі келмей тұр. Ол бізге орманға кіру үшін алдымен 1-5 ке дейін санауларын қажет дейді.
Қәне кім санап береді.
**«Түлкінің тапсырмасы»**
Санға сәйкес жеміс-көкөністерді көрсетіңдер дейді.
Айтып беріңдер, қандай сан және неше жеміс?
Балалардың жауаптары.
**Сергіту сәті.**
Қане, достым
Мененкейінқайтала.
Бір-тұрамыз, созыламыз,
Екі-еңкейіп, керілеміз,
Үш-шапалақсоғамыз,
Басымыздышайқаймыз,
Төртдегендеқолкөтеріп,
Бес дегендеқолбұлғаймыз.
**Қасқырдың тапсырмасы.**

Ойлан тап!»
**Логикалық жұмбақ.**
 Бір сиырдың неше аяғы бар?
екі түлкінің неше құйрығы бар?
Ағаштың басында төрт торғай отыр,торғайлардың жанына тағы бір торғай келіп қонды неше торғай болды?
Балалардың жауаптары.
**Арыстанның тапсырмасы.**
өздерінің оң жағында кім отыр?
сол жағында кім отыр?
Тамақты қай қолмен ішеміз?
Балалардың жауаптары.
Орманнан сиқырлы таяқшану табу.
Балалар қуанады.
Балабақшаға оралу.
**Қорытынды.**
**Ашық сұрақтар қою.**
Балалар хат кімнен келді?
Сиқырлы таяқшаны қайдан тапттық?
Қандай тапсырмалар орындадық?
Балаларды мадақтау.
Сиқыршыға сиқырлы таяқты почтадан жіберу.

**Тапқыштар**
**Тақырыбы.** Мозайка құрастыру
**Мақсаты**. Балалардың ойлау қабілеттерін, есте сақтау жетілдіру. ой-өрісін дамыту.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Шаттық шеңбері.**
Алақанды ашайық
Күннің нұрын салайық
Жүрек жылуын салайық
Осы жақсы лебіздерді
Бір-бірімізге сыйлайық.
**Сұрақ жауап.**
Балалар қәзір жылдың қай мезгілі?
**Мнемотехника** «Көктем»
Балалар суретке қарап көктем мезгілі туралы айтады.
**Қызығушылықтарын ояту.**
**Тосын сәт.**
Хатшы қорап әкеледі.
Балалар бұл қорапта не бар екен?
Ашып қарайық.
Хат шығады.
Хатты оқу
Балалар осы суретті мозайка әдісі арқылы бояп беріңдерші. Деп орман кішкентайлары.





Балалар бұл суреттерді мозайка әдісі арқылы бояуымыз керек?
Балаларға түсінік беру.
Балалар өздеріне ұнаған суретті алып бояуға кіріседі.
**Сергіту сәті.**
Орнымыздан тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Бір отырып, бір торып,
Біз бір дем алайық.
Балалардың жұмысын бақылау.

Жеке көмек көрсету.
Дидактикалық ойын.
**«Неге ұқсайды»**
Қорытынды.
Балалардың жұмысын қорытындылау.
Көрме ұйымдастыру.
Бір бірінің жұмыстарын бағалату.
Жасаған жұмыстарын орман кішкентайларына жіберу.
Балаларды мадақтау.

**Тапқыштар**
**Тақырыбы**.Қайсысы көп, қайсысы аз?
**Мақсаты.** Заттарды санына қарай салыстыру арқылы көп-аз, сонша ұғымдарымен таныстыру. Теңестірудің екі жолын практикалық жолмен меңгерту.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Шаттық шеңбер.**
Балалар күн сияқты үлкен шеңбер болып тұрайық
-Ал осы күннен жылу алайық
-Сол жылуды алақандарымызбен бір-бірімізге жіберейік.
**Жарайсыңдар.**
**Балалармен әңгімелесу.**
-Балалар сендерді балабақшадан кімдер алып кетеді?
Қай кезде алып кетеді?
**Тосын сәт.**
Айсұлу келеді.
Тапсырмалар әкеледі.
**1-тапсырма**
**«Қайсысы көп, қайсысы аз?»**
Мақсаты: Түстерді және көп – аз ұғымын ажыртып айтады.

1. **Тапсырма.**

**Тақтамен жұмыс.**
Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
-Қане, санайықшы алма нешеу?
-Ал, алмұрт ше?
Ойланайықшы, қайсысы көп?
Алма алмұрттан нешеге артық?
Ал, ендеше алмұрт алмадан нешеге кем болады екен?
Алма мен алмұртты теңестіру үшін не істейміз, яғни төрт алмұрттқа 2 алмұртты қоссақ неше алмұрт болады?
2.Неше лимонды көріп тұрсыңдар, санайық?
Неше мандаринді көріп тұрсыңдар?
Қайсысы көп?
Лимоннан неше мандарин артық немесе неше лимон мандариннен кем?
Теңестіру үшін не істейміз?
Балалардың жауаптары.
**Сергіту сәті:**

Оң қолымда бес саусақ.
Сол қолымда бес саусақ.
Қосып едім екеуін,
Болып шықты он саусақ.

**3-тапсырма**

Алдарыңда салынып тұрған геометриялық пішіндердің қайсысы көп көк түспен, қайсысы аз қызыл түспен бояйсыңдар.

(Музыка әуені ойнап тұрады)

Балалармен жұмыс жүргізу (алдарындағы геометриялық пішіндерін санату,балаларды мадақтап отыру)

**4-тапсырма**

**«Айырмашылығын тап»**

Шарты : Балаларға екі суреттің айырмашылығын айтады.

**Қорытынды.**

Айсұлу барлық тапсырмаларды жақсы орындағандарын айтып балаларға көңілді смайлктер береді.

**Тапқыштар**

**Тақырыбы.**Жыл мезгілдері.

**Мақсаты.** Айлардың атауларымен және олардың реттілігімен таныстыру.жыл мезгілдерімен айлардың атауларын рет-ретімен атауға үйрету.зейінді,сөйлеу дағдысын дамыту.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Қызығушылқтарын ояту.**

Балалар, мен сендерге құр қол келген жоқпын

Мына шарларды ала келдім .

-Бір жылда неше мезгіл бар?

-Төрт мезгіл. Кәне, атап шығайық . .. (қыс, көктем, жаз, күз)

Бұл шарлардың түсі де сол төрт мезгілді белгілейді.

Мына шардың түсі қандай ?(ақ)

-Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?

Жасыл шарды көрсету. Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?

Қызыл шарды көрсету. Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?

Сары шарды көрсету Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?

Балалардың жауаптары.

-Балалар , түстерін білдік, енді сиқырлы шардың ішінде не бар екенін білгілерің келе ме?

Кәне, шарды кім жарады.

Бір бала шығып шарды жарады.

**1-ші тапсырмасы:**

Пішіндерден үй құрастыру.

1-ден 5-ке дейін тура жәнекерісанау.

**2-тапсырма.**

Сандардың көршісін табу. «Жоғалған сан».

(1-ден 5-ке дейінсандарбойыншаретіментұрады.)

Сергіту сәті:

Бойды сергек тік ұста

Емін - еркін тыныста

Оң қолыңды соз алға

Қол ұшына қарада

Үшбұрыш сыз ауада

Сол қол босқа тұрмасын

Шеңбер жасап тынбасын.

**3-ші тапсырмасы:**
Балаларнешеаптакүні бар? Аптакүндеріната.
**4-ші тапсырма.Логикалықесептер**
Ағашта 5құс отырды, оның 1-уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?
2.Себетте 2 алма , табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?
3.Алма ағашта бес алма
Қандай тәтті жесе алма,
Бесеуінде жеп қойсаң
Қалады онда неше алма.
4. Төрт қонжық орманда
Келе жатты қорбандап
Біреуі шаршады
Әрмен қарай бармады.
**Геоконт тақтайшасының көмегі арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындау.**
1. Үшбұрышжасау
2. Тіктөртбұрышжасау
3. Шеңбержасау

**Қорытынды:**
Ашық сұрақтар әдісі арқылы қорытындылау.
Балаларды мадақтау.

**Тапқыштар**

**Тақырыбы.**«Өткен материалды пысықтау 1-ден 5дейінгі сандар.Тура және кері санау.Қарапайым мысалдар мен есептер шығару»

**Мақсаты.** Оқу жыл кезінде алған, білімдерін түсініктерін, дағдыларын бекіту. Ойлау қаблетттерін анықтау**.**

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер.**

Қол алысып қане біз,
Достасайық бәріміз.
Қайырлы күн жер Ана!
Қайырлы күн достарым
Сіздерді көргеніме қуаныштымын

**Қызығушылықтарын ояту.**

Балалар қараңдаршы стол үстінде нелер бар?

Олар: тышқан, сиыр, жолбарыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз.

Балалар, қай ертегіден келген хайуанаттар, кім біледі?

Дұрыс, ол «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісінен. Олар бізге өздерімен бірге тапсырмалар әкелген.

1.Сиырдың тапсырмасы: «Тура және кері санау»

2.Жолбарыстың тапсырмасы: «Көршісін тап»

3.Қоянның тапсырмасы: «Бос орынға тиісті пішінді сал»

4.Ұлудың тапсырмасы: «Не өзгерді?»

5.Жыланның тапсырмасы: «Сәйкестендір»

**Шарты:**берілген сандармен жемістерді санына қарай сәйкестендіру

Балалар тапсырмаларды орындайды.

**Сергіту сәті.**

Мұнда бері қараңыз
Біз де санай аламыз
«1, 2, 3» дегенде
Түзу тұра қаламыз
«4, 5» дегенде
Алға қадам басамыз

**Тақтамен жұмыс.** «қай санды жоғалттым».

а) 1,2,…..4,5.

ә) 1,2,3,…..5.

б) 1,…..3,4,5.

в) 1,2,3,4,….

Балалар тақтаға жоқ сандарды қояды.
Мадақтау.
**Қорытынды.**
Ашық сұрақтар әдісі арқылы қорытындылау.Балаларды мадақтау.